



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№1 (590)
9 қаңтар,
2025 жыл

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА



Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында өткен жылдың ерекше оқиғалары мен алдағы жоспарларын баяндады. Сондай-ақ еліміздің тағдыры жастардың қолында екенін баса айтып, жастарға жасалған қолайлы жағдайлар мен қойылған міндеттерге кеңінен тоқталды. Өңірдегі жастардың төл басылымы – «Ақмешіт жастары» газеті де ел Президентінің сұхбатта тілге тиек еткен жастарға қатысты тұстарын басылым бетінде кеңінен тарқатқанды құп көрді.

Журналист Ерлан Жүніс сауалдардың легін қорытындылай келе соңғы уақытта елдегі қазақ тілінің қолданылу аясы едәуір кеңейгенін айтып, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін азаматтардың саны артқанын сөз етті. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы тілдің

рөлін одан әрі арттыру үшін не істеу қажеттігін сұрады. Бұл сауалға Мемлекет басшысы терең тоқталып, ең бастысы, қазақ тілін білу сәнге айналғанын, жастардың оны меңгеруге құлшынысы артқанын айтты.

2-бетте



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЛАШАҚТЫҢ СЕРІГІ МЕ, ӘЛДЕ ҚАТЕРІ МЕ?

Бір кездері тек ғылыми фантастиканың тақырыбы болған AI бүгінде біздің де өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Иә, күнделікті тұрмысты жеңілдетіп, медицина, ғылым және бизнес салаларында тың жаңалықтарға жол ашып жатыр.

Бірі ЖИ-ды адамзаттың дамуына серпін берді десе, енді бірі оның зардабы туралы айтып, дабыл қағуда. Қоғамның бұл екіұдай пікірі кездейсоқтық емес. Талдайық.

Тарихы терең технология

Онлайн мен офлайн өмірдің арасында әлек болып жүргенімізде, жасанды интеллектті күні кеше пайда болғандай көреміз. Әйтсе де, мұның тарихы тереңде. Уикипедиялық деректерде бұл алгоритмнің зерттеу жұмыстары 1950 жылы басталып, терминнің өзі 6 жылдан кейін қолданысқа енді делінген. Тіпті екінші дүниежүзілік соғыста да жасанды интеллект тәрізді құрылғы қолданылған. Ұлыбританиялық математик Алан Тьюринг құпия ақпараттарды білу үшін шифрды бұзатын машина құрастырған. Ал соғыстан кейін оны жетілдіріп, компьютердің адам секілді ойлау қабілетін анықтауға арналған жасанды интеллектті зерттеу тест әдісін жасап шығарған. Мұнан бөлек жапон ғалымы Фукунико Фукусима есептеу жүйесіне негізделген алғашқы нейро желіні әзірледі.

Беріге ойыссақ, 2015 жылы жасанды интеллектті дамытуға арналған «OpenAI» ұйымы жұмысын бастады. Құрылғанына он жыл енді ғана толғатын ұйым бірнеше жобамең-ақ көпті таңқалдырды. Оның бірі – сіз де, біз де білетін «Chat GPT». Бұл жөнінде сәл кейінірек тарқатсақ.

Міне, әлі күнге дейін мүмкіндігін кеңейтіп, өзін өзі дамытуға қауқарлы жасанды интеллекттің бастауы осындай. Ал оның қызметіне не кіреді һәм қалай жұмыс істейді?

Әлемдік компаниялар әзірлеген түрлі боттарды ұдайы қолданбасанды да, ұялы телефондағы Siri-дің өзі жасанды көмекшінің бірі. Әлкиссада жазғанымыздай, жасанды интеллект барлық салада бар. Тіпті қарапайым өмірде оның алгоритмінің пайдасын көреміз. Чат-боттар тұтынушының сауалын қанағаттандырып, қажет болса талдау жұмысын да жасап береді. Ал бұдан бөлек AI-дың түрлі функциясы бар. Жасанды интеллект – қордағы деректерге сүйеніп, берілген тапсырманы орындайтын алгоритмдік жүйе. Көз ілестірмес жылдамдықпен адамның қолынан келмейтін тапсырмаларды оңай, бастысы тез орындай алады. Бар-жоғы дұрыс команда берсеңіз болғаны.

5-бетте

«ТАТУ-ТӘТТІ»

ЖОБАСЫНДАҒЫ
ТАТУ ДА
ТӘТТІ
ЖҰП



Отбасы – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды әрі қасиетті ұғымдардың бірі. Ол – махаббаттың, жылулықтың, түсіністік пен мейірімнің мекені. Қоғамдағы бірлік пен татулықтың түпкі бастауы да осында жатыр. Қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақалында да отбасындағы тәрбиенің маңызы айқын көрсетілген. Бүгінде қоғамның дамуы мен жаһандану үрдісі отбасылық қарым-қатынасқа әсер етпей қоймайды. Соған қарамастан, отбасының негізгі міндеттері өзгерген жоқ: балаға тәрбие беру, сүйіспеншілік пен қолдау көрсету, бірлік пен сыйластықты сақтау.

4-бетте



Қызылордалық жастар ҚЫСТА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Қыс мезгілінің бел ортасына келдік. Еліміздің кей аймақтарында бұл мезгілде қаланы қалың қар басып, суығы бет қаратпай тұрған болар. Ал Сырдағы күн райы сәт сайын құбылып, осы күні көктемнің соңғы күндерін бастап өткізіп жатқандаймыз... Бір жағынан біздің жұрт бұл мезгілді асыға күте қоймайды. Себебі өзгелер секілді 3 ай бойы шанамен сырғанап, мұз үстінде демалыс ұйымдастыра алмайтынын жақсы біледі. Оған күн райы да «рұқсат» еге бермейді. Шындығында жаздың кештерін көңілді өткізетін қызылордалық жастар қысқы мезгілде қайда барып уақыт өткізеді? Бүгін көптен көкейде жүрген осы мәселе төңірегінде қалам қаузытайтын боламыз.

3-бетте

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ
АСЫЛ СҮЙЕГІ НЕГЕ БЕРЛИНДЕ ЖАТЫР?

7

ЖУСАННЫҢ ИІСІ БАР
ӘТР ОЙЛАП ТАПҚАН 6-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

8

Басы 1-бетте

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

– Дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қаупі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-шы орынға тұрақтады. Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы кеңес заманында ана тілімізді әлемдік лингвистика картасынан жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мұғалімдер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отаншыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек.

Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға көбірек көңіл бөлу маңызды міндеттердің бірі. Қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ел Президенті сөз арасында шығармашыл жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді дамыту ісіне пайдасын тигізе алатынын да сөз етті.

– Отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырмын.

Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек, – деді Мемлекет басшысы.

Жастарға айрықша назар аударатын ел Президентінің сөзіне зер салатын болсақ, Қазақстанда өскіндерге жасалған жағдайдың аз емес екендігін түсінеміз. Дей тұрғанмен кейбір жастар құмар ойынның құрығына түсіп, есірткіге тәуелді болып тұра жолдан тайып жатады. Өңгіме арасында Ерлан Жүніс осы мәселемен қатар күні бойы еш мақсатсыз әлеуметтік желіден бас алмай, алтын уақытын босқа өткізіп жатқан жастарды көріп қынжылатынын айтып, жас ұрпақты саяси жауапкершілігі жоғары әрі жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу үшін не істеу керектігін сұрады. Ал Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сауалға берген жауабына қарап, «Ел тағдыры – жастардың қолында» деген сөзін терінен түсінеміз.

– Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілеуестік білдіремін. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні.

Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе.



Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін, – деген Мемлекет басшысы жастарға деген ақыл-кеңесімен де бөлісті.

– Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындарлы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын.

Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия және мемлекеттік қызмет саласында зор жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте және ауыл шаруашылығында табысты еңбек етеді. Бұл ретте мен осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияладым. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды доріктеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек.

Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Міне, осы бір жауапқа қарап-ақ келешегінен зор үміт күттіретін жастарға біздің елде қолдау аз болмайтынын аңғару қиын емес.

Қазіргі күні шетелде жүрген қазақ баласы көп. Әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылған қазақ жастарының бірі білім аламын деп асықса, екіншісі екі қолға бір күрек іздеп, нәпақасын айырып жүр. Сұхбатта бұл мәселе де Мемлекет басшысының тікелей назарында екенін байқауға болады.

– Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте өсу үшін шетелге шыққысы келеді. Бұл – жаһандану үдерісінің бір ерекшелігі. Оған түсіністікпен қараған жөн.

Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар елмен студент алмасуы тұрамыз.

Жастардың кәсіби біліктілігін көтеру немесе көбірек табыс табу үшін шетелге шығуы қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреншікті мекенін тастап, өмірін күрт өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болуға тиіс. Өмір бойы бір ауылда немесе бір қалада тұрып, жарты ай жұмыста болғаны үшін біліктен жоғары жалақы талап ететін заман әлдеқашан келмесе кетті. Қазіргі жастар ондай болмауға тиіс. Қарым-қабілетің қай жерде қажетке жараса, сонда баруға тырысу керек. Баратын жерің ірі шаһар немесе басқа өңір, тіпті басқа ел болуы да мүмкін. Қазақта «Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуымайды» деген сөз бар.

Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсақелмеске» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сүбелі сұхбатқа көз салсақ қазақ жастарына деген ерекше көңіл бөлініп, қолайлы жағдай жасалып келе жатқанын түсінеміз. Ел Президентінің «Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын» деген сөзі – мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастыратын жастарға деген артылар үміт пен сенімнің зор екенін дәлелдейді.

Нұр БАҚЫТ

ЖАСТАР

жаңалықтары



Бокс біріншілігі басталды

Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде бокстан 2007-2008 ж.т. жастар арасында және 2011-2012 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында облыс біріншілігі басталды.

Ашылу салтанатында 2004 жылы Грекия мемлекеті Афина қаласында өткен жазғы олимпиада ойындарының чемпионы «Вел Баркер» кубогының иегері және Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіннің директоры Асылжан Жаманқұл, спорт ардагері Ибраһман Мұсабаев, Ғалымжан Байғұндиев және Сайлаубек Өтегенов жас боксшыларға қолдау білдірді.

Біріншілікке Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарынан және Байқоңыр, Қызылорда қалаларынан 180-ге жуық спортшы қатысуда.

Салмақ дәрежесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер 10-қаңтар күні анықталады.

Айдынды өлкем – айбыным

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің тапсырысына сәйкес ұйымдастырылған «Айдынды өлкем – айбыным» атты бейнеролик байқауы өз мәресіне жетті. Қатысушылар ұсынған роликтерін шығармашылық және кәсіби тұрғыдан түсіруге көңіл бөлген. Материалдардың деңгейі ерекше бағалауға, назар аударуға тұрарлық, өйткені барлығы байқау тақырыбын ашуға тырысқан.

Байқау қорытындысы бойынша Д.Бақытжанов I орынды қанжығасына байласа, Г.Іздібай II орын, Г.Сәрсенбай мен М.Жолдыбаев III орынды еншіледі. Ал байқауға белсене қатысқан Е.Әбдеш, Н.Амангелді, Ү.Тәңірбергенов «Алғыс хаттармен» марапатталды. Сондай-ақ, жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар табысталды.

Жалынды жастық – жарқын болашақ

Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйінде мемлекеттік жастар саясатын дамыту және де ауыл жастарының қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Жалынды жастық – жарқын болашақ!» атты студент жастармен кездесу кеші өтті.

Еркін форматта өткен кездесу кешінде студенттер өздерінің қызықты оқиғаларын, сондай-ақ ҰБТ-ға дайындалудағы әдіс-тәсілдерін мектеп оқушыларымен бөлісті. Сонымен қатар мектеп оқушылары да өздерін толандырған сұрақтарын қойып, студент жастармен пікір алмасты.

Мұнан соң кездесу кешіндегі жастармен ЛЕД экран арқылы ойындар ойнатылып, ситуациялық-логикалық сұрақтар қойылды.

Шара соңында Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары Қ.Әлиев студент жастарға алғысын білдіріп, сый-сияпатын тарту етті.

Келешек кілті

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің қатысуымен Қармақшы ауданы жастарының «Келешек кілті – жастарда» атты форумы өтті.

Жастарға жаңа серпін беретін шарада аудан басшысы құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы мен жастарды қолдау бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды атап өтті. Аудан әкімі және Қазақстанның болашағы жастардың қолында екенін және оларға зор сенім артатынын жеткізді.

Шара барысында соңғы үш жыл көлемінде жоғары жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырған ауданның белсенді жастарына 14 номинация бойынша «Qadam» жастар сыйлығы табысталды.

Сонымен қатар әр салада табысты еңбек етіп жүрген бірқатар жас мамандар аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Іс-шара мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасып, жиналған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Жалын» сыйлығы табысталды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш ауданы жастарының қорытынды шарасына қатысты. Жастар саясатының жүзеге асуына сүбелі үлес қосып, қоғамның қозғаушы күшіне айналған бүгінгі бастамашыл буынды мерекесімен құттықтап, белсенді жастарға құрмет көрсетті.

Салтанатты шарада білім, денсаулық, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы, құқық қорғау, кәсіпкерлік салаларынан және ерікті жас, үздік оқушы мен өнертапқыш жастар дәстүрлі «Жалын» жастар сыйлығының VII толықына топтасты.

Қазіргі таңда аудандағы жалпы жастар саны 10 866 болса, бұл аудан халқының 30,1 пайызын құрайды. Сондай-ақ, азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамашыл топтарды және еріктілерді қолдауға арналған шағын гранттарын жеңіп алу арқылы аудан жастары 3 Coworking орталығы, 3 спорттық үйірме, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік жасады.

«Өрлеу» сыйлығының иегерлері анықталды

Жылдағы дәстүр бойынша «Ел үміті жастарда» тақырыбында жастар форумы ұйымдастырылып, аудан әкімінің «Өрлеу» жастар сыйлығы табыстау салтанаты өтті. Шараға аудан әкімі Берік Сәрсенбаев қатысып, жастарға көрсетіліп жатқан қолдауларға тоқталды.

Аудан әкімі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда айрықша жетістіктерге жеткен, елеулі еңбек етіп, аудан көлемінде жастар саясатын жан-жақты дамытуға үлес қосып жүрген 7 жасқа «Өрлеу» жастар сыйлығы мен қаржылы сертификат табыстады. Сонымен қатар, бірқатар жас аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Жастар форумы барысында көрермендерге концерттік бағдарлама ұсынылды.

«Руханият орталығы» ашылды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданында «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мерекелік іс-шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Нұртөре Жүсіп, Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Аманжол Әлтай, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Өбенов, облысқа арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, облыстық мұхиттық төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, сондай-ақ, Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағының өкілдері арнайы қатысты.

Рәсім үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовтың арнауымен ашылды. Аймақ басшысы жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Рәсімде Мейірбек Сұлтанхан арнау айтып, «Алтын домбыраны» облыс әкіміне табыстады. Бұл – Сыр елінің айтыскер ақындары жетіп алған екінші «Алтын домбыра». Оны Сыр руханиятының жұлдызын биікте жарқыратқан Айттыстан ақтангері Мұхтар Ниязовтан кейін Мейірбек Сұлтанхан иеленіп, жыр еліндегі сабақтастықтың үзілмегені тағы бір дәлелдеді. Еңбек тақырыбын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұсынған «Адал еңбек – адал табыс – адал адам» қағидатын жырлап, көрерменді асыл сөздің нәрімен сусындатты.

Жаңа буынның жарқын болашағы

Аграрлы-техникалық колледжіннің мәжіліс залында «Жаңа буынның жарқын болашағы» атты аудан жастарының дәстүрлі XIV форумы өтті. Форумда аудан әкімі Мажит Самитов жас кәсіпкерлер мен колледж студенттерінің көрмесімен танысып, жастармен еркін форматтағы сұхбат алаңында жүздесті.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда айрықша жетістіктерге жеткен, ауданның үйдік деп танылған 10 жасына аудан әкімінің «Жаңа толқын» жастар сыйлығы, гүл шоқтары мен арнайы тұғыр және қаржылай сертификат табысталды.

«АЖ» ақпарат



Басы 1-бетте

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР ҚЫСТА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Сыр туризмінің хәлі қалай?

Негізгі тақырыпқа ойыспас бұрын ең әуелі өңірдегі туризм саласының жайына ден қойдық. Өйткені біздегі туризм саласының ақап тұрғаны жасырын емес. Бірақ қолға тиген мәліметтерді сөйлестек, салада айтарлықтай өсім бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, барлық бағыттар бойынша оң нәтиже тіркеліп отыр.

Тарқата кетсек, 2024 жылдың II-тоқсанында туристер саны 27,5%-ға артып, 67 мың адамды құрады (2023 жылы бұл көрсеткіш 53 189 адам болған). Туристік ағымның артуы туризм саласына құйылған инвестиция көлемінің өсуімен қатар жүреді. Облыстың даму бағдарламасы аясында ағымдағы жылы 19,7 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарланған болса, қаңтар-тамыз айларындағы көрсеткіш 19,3 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 2,8 есеге өсті.

2024 жылдың II-тоқсанының қорытындысы бойынша, облыста 157 орналастыру орны жұмыс істеп тұр. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,2%-ға жоғары. Қазір жалпы сыйымдылығы 806 орынға арналған 5 шипажай қызмет көрсетеді. Осы жылдың қаңтар-тамыз айларының қорытындысы бойынша, шипажайларға 11 277 адам келіп демалды.

Туризмді дамыту мақсатында облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, өңірдің туристік әлеуетін ілгерілететін арнайы веб-сайт әзірленуде. Сонымен қатар жақында Арал өңірінде Орталық Азиядағы алғашқы «Geopark Aral» туристік маршруты іске қосылды.

Өңірдің туристік мүмкіндіктерін арттыру және ішкі туризмді дамыту шеңберінде жаңа автовокзал пайдалануға берілді. Ал сыртқы туризмді дамыту үшін Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы іске қосылуға дайын. Бұдан бөлек, өңірде алғаш рет Қызылорда – Анталия бағытында халықаралық рейс ашылды.

Қысқы туризмнің қағажу қалған келбеті

Сыр туризмі оң көрсеткіштерімен қуантқанымен, қала тұрғындарына жаз мезгілінде ғана қыдыру қолайлы секілді. Мәселен, орталықтағы парк, түрлі суға түсуге арналған демалыс орындары, жағажайды атап өтсек болады. Алайда қыс мезгілінде айналыста, бір-екі жердің төңірегін аспаймыз. Жастар шабаданын аркалап басқа қалаға, қалтасы көтерсе, шетелге шығып кетеді.

Шетел көрген адам – мың кітапты оқығанмен пара-пар болады екен. Дегенмен еліміздегі туризмнің осы бір тұста әлі ақап тұрғанын байқаймыз. Ел көлеміндегі бұл мәселе Қызылорда қаласын да айналып өтпек емес. Өңірдегі ахуал көңіл көншітпейтіні шындық.

Хош... Одан бөлек, демалыс орындарындағы баға құны көпшіліктің ынтыасын қашыратыны рас. Қазіргі нарық жағдайына байланысты бағаның өсуін түсінуге болатын шығар. Бірақ бұл мәселенің әлі де «аттеген-ай» дегізетін тұстары бар екені жасырын емес. Айналып келгенде «Arai City Mall»-дан шықпаймыз.

Демалыс уақыт қызықты сәттер мен құнды естеліктерге толы болуы керек. Дегенмен қала студенттері мұндай мүмкіндіктің аз екенін айтып-ақ келеді.

– Қыс мезгілінде қаламыздың тұрғындары үшін таза ауада серуендеуге және демалуға арналған орын саны шектеулі екені бәрімізге белгілі. Расында, жылдың суық мезгілінде көптеген адам табиғат аясында уақыт өткізіп, қар мен мұзды сезінгісі келеді. Алайда көбі мұндай мүмкіндікті өз қаламыздан таба алмай, Шымкенттегі «Тау самалы» шаңғы базасы, Алматыдағы «Медеу» сынды

әйгілі демалыс орындарына аттануға мәжбүр. Бұл жағдай қала ішінде де қысқы демалысты ұйымдастыруға мүмкіндік жетіспейтінін көрсетеді.

Бұл мәселені біржақты ету үшін қысқы саябақтарды ұйымдастыру идеясын қарастыруға болады деп ойлаймын. Мұндай саябақтарда сырғанақтар, шаңғымен немесе сноубордпен сырғанау жолдары, балаларға арналған ойын алаңдары қарастырылса, тұрғындар арасында үлкен қызығушылық туар еді. Қалада кафеден көп ештеңе жоқ-ау, бірақ жоғарыда атап өткен саябақтарда орналасса, атмосфераға толы кездесулер ұйымдастыруға

болады деп ойлаймын, – дейді қала тұрғыны Данагүл Таңатова.

Ойыңызда жүрсін!

Өңір жастарының қысқы мезгілде бас сұғатын жерлер аз екенін сіз бен біз жақсы біліп отырмыз. Десек те жастар аялдауға тұрарлық бірнеше локацияларға тоқталып өтелік.

«Мұз айдыны» кешені. Қаладағы қысқы демалыс орындарының бірі – «Мұз айдыны» кешені. Бұл кешен сырғанақ тебуді ұнататындар үшін таптырмас орын саналады. Өткен жылдың соңғы деректеріне сүйенсек, мұнда демалушылар саны 70 мыңнан астам адамды құраған. Кешеннің бағалары да қолжетімді: бір сеанс (45 минут) ересектер үшін 1200 теңге, оқушылар мен студенттер үшін 1000 теңге. Ал 7 жасқа дейінгі балалар үшін кі-

ру тегін. Бұл – отбасылық демалыс пен достармен көңіл көтеруге арналған тамаша мүмкіндік.

«Нұрсәт» теннис қорты мен «Үстел теннисі» орталығы. Қысқы спорт түрлерін ұнатпайтындар үшін атап өткен орталықтар жақсы балама бола алады. Мұнда достарыңызбен бірге уақытты тиімді өткізіп, денсаулығыңызға пайда тигізе аласыз. Бұл кешендер жыл бойы жұмыс істейді және қала тұрғындары арасында танымалдыққа ие.

«Dalacrafts» шығармашылық студиясы. Егер спорттан гөрі шығармашылыққа қызығушылық танытсаңыз, «Dalacrafts» студиясы – сізге арналған орын. Мұнда сазбалшықтан құмыра жасап, сурет салып, ерекше естеліктер қалдыруға болады. Студия отбасылық демалыс, достармен немесе жұбыңызбен уақыт өткізу үшін өте қолайлы. Келушілер өз қолдарымен жасаған бұйымдарын естелік ретінде алып кете алады.

«Ранчо 83» демалыс кешені. Табиғат аясында тынығуды қалайтындар үшін «Ранчо 83» кешені – тамаша таңдау. Бұл орталық жыл бойы жұмыс істейді және мұнда экзотикалық құстарды тамашалап, қояндарды тамақтандыруға болады. Сонымен қатар атпен серуендеу мен жануарлармен уақыт өткізу арқылы ерекше әсер алуға мүмкіндік бар. Бұл орын балалар мен ересектер арасында үлкен қызығушылыққа ие.

«Legend paintball kzo» орталығы. Демалуға және түрлі эмоцияларды сезінуге арналған пейнтбол ойын алаңы бар. Тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейтін бұл алаң келушілерді ойынға арналған кез келген құралмен қамтамасыз етеді. Ойын уақыты екі сағатты құрайды, ал құны адам басына 4 мың теңге. Достарыңызбен барып, көңіл көтеріп қайтуға таптырмас жер.

Сондай-ақ қалада боулинг, бильярд, виртуалды арена секілді қызықты ойындар қызметін ұсынатын кешендер бар.

Қорытындылай келе, қысқы туризмді жандандыру – уақыт талабы. Қызылорда қаласындағы қысқы демалыс орындары сан алуан болғанымен, әлі де даму қажет екені айқын. Қысқы саябақтар мен арнайы шаңғы жолдарын ұйымдастыру, табиғат аясында сырғанақ тебу алаңдарын жасау сияқты бастамалар қаланың туризм саласын жаңа деңгейге көтере алады.

Сонымен қатар қолданыстағы нысандардың санын арттырып, сапасын жақсарту да маңызды.

Демалыс тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар жаңа жайлы естеліктер қалдыратын сәттерден тұруы тиіс. Қала тұрғындары мен жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ұсыну – аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына да оң ықпал етеді. Ал сіздің сүйікті демалыс орныңыз қандай?

Нұршат НЫШАНОВА



«Zhas Project» жобасы – табысты бастама

Қызылорда және Ақтөбе облыстарында жастар корпусын дамытуға бағытталған «Zhas Project» жобасы сәтті жүзеге асқан еді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ қолдайтын жоба 2023-2024 жылдары аралығында атқарылған жұмыстар бойынша қорытындыланды.

«Zhas Project» – жастардың өз әлеуетін ашуға, көпбасшылық кабинеттерін көрсетуге және өз өңірлерінің дамуына үлес қосуға арналған ерекше мүмкіндік. Жоба жастардың белсенді, жауапты және мақсатшыл азаматтар болып қалыптасуына ықпал етеді.

Екі жылдық жоба нәтижесінде Ақтөбе және Қызылорда облысынан 28 қатысушы үздік деп танылып, жеңімпаздарға жобаларын іске асыруға 1 миллион теңгеге дейінгі грант табысталған еді.

Жоба аясында биыл Қызылорда облысы бойынша шағын гранттар байқауына 331 өтінім қабылданды. Техникалық іріктеуден кейін 86 жоба үздік деп танылды, ал байқау комиссиясы 14 ең үздік әлеуметтік бастаманы анықтап, олардың авторларына идеяларын іске асыру үшін 1 миллион теңгеге дейінгі гранттар берді.

– Жоба жайында алғаш рет ауылдық әкімшіліктен және интернет желісінен білдім. «Zhas Project

2024» гранттық байқауына қатысу үшін арнайы әзірленген нұсқадағы анкетаны толтырып, өтінішімді сайт арқылы жібердім. Бұл мүмкіндік мені шабыттандырды, өйткені өз идеямды жүзеге асырып, қоғамға пайдалы дүние ойлап табу, оны жүзеге асыру менің арманым еді.

Мен секілді өтініш жіберген жобалардың жалпы саны 331 болды. Олардың арасынан іріктеліп, тек 14 жоба жеңімпаз атанды. Осы үздік жобалардың қатарына менің де идеям кірді, бұл мен үшін үлкен қуаныш.

Менің жобамның атауы: «Компьютерлік жөндеу қызмет көрсету орталығы және компьютерлік сауаттылықты оқыту». Жобаның мақсаты – жергілікті тұрғындарға сапалы компьютерлік қызмет көрсету және заманауи технологияларды меңгеруге мүмкіндік беру. Бұл жоба арқылы тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, сонымен қатар компьютерлік техниканың істен шыққан жағдайында қол-



жетімді жөндеу қызметін ұсынуға бағытталған.

Грантты ұтып алғаннан кейін, жоба аясында қажетті құрал-жабдықтар мен техника сатып алып, қызмет көрсету орталығын аштым. Бүгінде орталық онлайн және офлайн форматта сәтті жұмысын жалғастыруда. Ал тұрғындар үшін компьютерлік жөндеу қызметімен қатар, компьютерлік сауаттылықты арттыру курстары да қолжетімді болып отыр.

Алдағы уақытта орталықты кеңейтіп, қызмет көрсету аясын ұлғайтуды жоспарлап отырмын, – дейді сырбойылық жоба жеңімпазы Данияр Махамбетов.

Жеңімпаздар қаржылай қолдауға ие болуымен қатар, кәсіби маман-

дардың тәлімін алып, түрлі блім алды. Осы қолдаудың арқасында жас қатысушылар өз жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтар мен құрал-саймандар сатып алды. Бүгінде барлығы өз қызметтерін сәтті бастады.

Іске асырылған жобалардың ішінде:

- Тандыр нан дайындау цехы;
- Токарлық және дәнекерлеу шеберханасы;
- Глютенсіз тәттілер өндірісі,
- Қалыңдықтардың жасауларын тігу қызметі;
- Мобилография курстары;
- Барбершоп ашу;
- Робототехника үйірмесі және тағы да басқа бастамалар болды.

Жоба NEET санатындағы жас-

тарды, яғни, жұмыссыз, оқу орнында білім алмайтын және кәсіби дайындықтан өтпеген жастар «Zhas Project» арқылы өз идеяларын дамытуға мүмкіндік алып қана қоймай, қоғамның белсенді мүшелеріне айналды.

– Жоба жайында әлеуметтік желіден жұмыссыз жастарға берілетін мүмкіндік туралы біліп, өз бағымды сынап көруді шештім. Жобамның атауы – «Глютенсіз тәттілер». Қысқаша айтып өтсем, бұл глютенсіз ұндардан (қарақұмық, күріш, нокат, жүгері ұны) дайындалатын, ақ қантсыз, лактозасыз және транс майсыз өнімдер. Бұл өнімдер арнайы диетаны қажет ететін, асқазан-ішек жолдары мәселелері бар адамдар үшін өте қолайлы. Болашақта зиянсыз тәттілер мен тағамдардың дүкендер мен тамақтану орындарында көбеюіне үлес қосамын деп сенемін.

Кәсібімді дамытуға мүмкіндік берген ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен жоба ұйымдастырушыларына алғысымды білдіремін, – дейді жоба жеңімпазы Баян Ибадулла.

Жеңімпаздардың бастамалары білім беру мен шығармашылық салаларынан бастап, әлеуметтік қызметтер мен кәсіпкерлік стартаптарға дейін әртүрлі бағыттарды қамтыды. Бұл жобалар жергілікті қауымдастықтардың дамуына үлес қосып, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге хәм өмір сүру сапасын арттыруға көмектесті.

«АЖ» ақпарат

Басы 1- бетте



«ТАТУ-ТӘТТИ»

ЖОБАСЫНДАҒЫ ТАТУ ДА ТӘТТИ ЖҰП

Әрбір шаңырақ өз ерекшелігімен, дәстүрімен бағалы. Ең бастысы – отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі мен махаббаты. Мейірімділікке, сыйластыққа негізделген қарым-қатынас қана бақыттың қайнар көзі бола алатынын дәлелден жүрген осынау отбасылардың бірін бүгінгі тақырыбымызға арқау етпекпіз. Ұлттық арнамың «Тату-тәтті» бағдарламасы арқылы көптең көзайымына айналған жерлестеріміз Нұрбек Бақытбекұлы мен Сара Еркінқызынан сұхбат алдық.

– Бір-біріңізбен қалай таныстыңыздар? Таныстық тарихын айтып берсеңіздер...

Нұрбек: – Әлеуметтік желі арқылы таныстық. Инстаграмда алғашында Сара поэзия оқып, жүргізген еді. Сол уақыттарда жариялаған видеолары кенінен тарала бастады. Сараны сол таралған видеодан көріп қалдым. Паракшасын іздеп тауып, бейнероликтеріне пікір жазып, кейін танысу мақсатында жекесіне хабарлама жаза бастадым. Қызығы, оған өзі секілді поэзия оқытын кісілерден және ақындардан көп ұсыныстар түседі екен. Әуелде сондай кісілердің бірі деп ойлаған болса керек, жауап берді. Әрі қарай әңгімеміз таныстыққа ұласты.

Сара: – Иә! Таныстықтан бір апта өткен соң 12.12.2022 күні «әдемі датада әдемі қызға сыйлық» деп ол маған гүл мен шоколад жолдапты. Қабыл алдым. Он күннен кейін 22.12.2022 күні «осындай әдемі датада...» деп тағы да сыйлықтар жолдады. Жаңа жыл қарсаңында Алматыдан Аралға қайттым. Хат алмасып, хабарласып жүрген соң, шын өмірде көргісі келетінін айтып кездесуге шақырды. Келісілген күні таң азынан Аралға келген екен. Асығыспен деген соң тіпті үй киімінен шыққан едім. Аты-жөнін де толық білмеймін, суретте сырт келбеті тартымды жігіт. Әңгіме айтып, толық танысармыз деген ой болды. Бірақ мені осы алғашқы кездесуде-ақ Шиелиге алып қашып кетті де, ойламаған жерден отбасылық өмірге қадам бастық.

– Бір-біріңізге ұнайтын басты қасиеттер қандай?

Нұрбек: – Маған Сараның жүрегінің тым нәзіктігі, көңілінің кіршіксіз тазалығы ұнайды. Қандай жағдай болмасын, барлығын түсініп, жақсы жағынан қабылдағысы келеді. Осы мейірімділігі, көңілінің кендігін жақсы көремін.

Сара: – Арқа сүйер азаматым менен өткен ақкөңіл жан. Қолы ашық, жомарт. Айналасына көмегің аямайды. Үнемі позитивті көңіл-күймен жүреді. Ашуланса да қайтымы тез. Ашу үстінде артық қылыққа бой алдырмай, барлығын ақылына салып, саралай білетін жан. Арамызда реніш туындаса еркелетіп, кешірім сұрай алады. Осы қасиеттері ұнайды.

– Қалай ойлайсыздар, бақытты некенің құпиясы неде? Қарым-қатынаста қандай құндылықтарды бірінші орынға қоясыздар?

Нұрбек: – Біздің отау құрғанымызға көп болған жоқ. Екі жылдан енді асып жатыр. Сондықтан анау айтқандай ақыл-көңес айтатын деңгейге әлі жетпедік деп ойлаймын. Бірақ осы екі жылдың ішінде түсінгеніміз, бақытты некенің кілті ең бірінші өзара түсіністікте. Сабыр, сенім, төзім барлығы соған кіреді. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырмамай тұрмайды өрине. Сырт көзге әдемі, тәтті жұп болып, ешқашан ұрыспайтындай көрінгенмен өз арамызда келіспеушіліктер болып тұрады. Сол кезде барынша ашық сөйлесуге тырысамыз.

Сара: – Ашық сөйлесіп, ашып айтамыз. Себебі, кейін қайта жарасып, татуласып кету үшін және іште реніш қалып қоймас үшін. Кей отбасыларда ұрыс-керіс үстінде айтылған сөздер көңілге мұз боп қатады. Екеуара ашылып сөйлеспеген соң қос тараптың ішіндегі әлгі мұз боп қатқан өкпе-реніші жібімейді, керісінше іштен жегідей жеп, күннен күнге салмағы ауырлай түседі. Соның бәрі ашық сөйлеспеген, өзара түсініспеуден деп ойлаймын. Ұрыс-керіс үстінде айтылған сөзді ашуымыз

тарқаған соң қайта талқылаймыз. Соғы солай әзіл-қалжыңға ұласып кетеді. Сондай-ақ, тағы бір айтарым, екі адамды ортақ мақсат біріктіреді.

– «Тату-тәтті» бағдарламасының жаңа маусымына шақырту алып, қатысып қайттыңыздар. Осы сапар жайлы айтып берсеңіздер...

Сара: – Бағдарламаға алғаш шақырту алғанда қатты қуандық. Отбасылық сайыс болғандықтан бағымызды сынап көруге бел байладық.

Жаңа айтқанымыздай біздегі сенімділік, төзімділікті сынап көруге, жалпы айтқанда «шағын Отанымыз» отбасымыздың беріктігін сақтау үшін тағы бір қадам жасадық десек те болады. «Тату-тәтті» бағдарламасы отбасылық құндылықтарды аша білетін бағдарлама екен. Осы жоба арқылы көп нәрсе түйдік. Бізден әлдеқайда ерте шаңырақ көтерген отбасылар да қатысты. Сол кісілердің ортаға қосқан ойларын, оқиғаларын саралай отыра, өзімізге керекін түртіп алдық. Бұған дейін «Көреміз» бағдарламасына да арнайы шақырту алып, қонақ болған едік.

Нұрбек: – Кеше жақында осы бағдарламаның екінші маусымы, яки «Үздіктер маусымына» қатысып қайттық. Бұл жолы алдыңғы маусымдағыдай емес, тек екі жұп қатыстық. Сондай-ақ бұл жолғысы тікелей эфирде өтті. Қызығы, жұбайлар біріге отырып ас әзірлеу арқылы сынға түсіп, ұпай жинадық. Бес күндік түсірілім өте сәтті өтті.

Осы жолғы бағдарлама бізге қатты ұнады. Төрт жұптан екі жұп іріктеліп, екі жұптан үздік шығып, жеңімпаз атандық. Жоба ұйымдастырушылары романтикалық кешкі асқа сертификат сыйға тартты.

Сара: – Одан бөлек, ең қатты қуантқаны, екі жыл бұрынғы ойда жоқта алып қашудың есебінен эфир барысында жолдасым қайта сөз салды. Елдің алдында «бұл да сенің армандарыңның бірі еді ғой» деп, гүлі мен сақинасын ұстап шыққаны толқынсыз толы сөт болды. Сол сәттегі әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді.

– Ортақ қызығушылықтарыңыз бар ма? Бір-біріңіздің хоббиіңізге көзқарастарыңыз қандай?

Нұрбек: – Негізгі ортақ қызығушылығымыз жоқ деп айтсақ болады. Бірақ бір-біріміздің қызығушылығымызға құрметпен қарап, қол ұшын созудан тартынбаймыз.

Сара: – Мәселен менің қызығушылығым блог жүргізу болса, күйеуім де тартынбай қолдау білдіріп келеді. Өлең оқысам да, поэзия кешін ұйымдастыруды қолға алсам да, қандай істе болмасын қолдауын аямайды. Себебі ол да поэзия тыңдағанды ұнатады. Бұрын осы іс-шараны ұйымдастырған кезімізде бастамамызға кері пікір айтып, «қазір поэзияны кім түсінеді» деп қарсылық танытқан адамдар болды. Ал менің күйеуімнің түсініп, қолдағанының өзі біздің қызығушылығымыздың бір болып келе жатқанының белгісі секілді.

– Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырмамай тұрмайды. Марқұм Бейсен

Құранбек ағамыздың шаңырағында ұстанған 7 қағида секілді сіздерде де белгілі бір қағида бар ма? Араларыңызда туындаған түсініспеушілікті қалай шешесіздер?

Сара: – Аса бір қатып қалған қағида деп айта алмаймын. Дегенмен әлгінде айтқанымыздай, ортақ шешімі – ашық сөйлесу, тыңдау, түсінісу, сабырлық таныту, бір-бірімізге қолдау білдіру, осындай ұстанымдар бар...

– Қандай мамандықта білім алдыңыздар? Қазіргі таңдағы қызметтеріңіз қай салада? Табысты болу жолында бір-біріңізді қалай қолдап, қандай мотивация бересіздер?

Нұрбек: – Алматыда спорт-туризм академиясында білім алдым. Мамандығым дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Екі жылға жуық өз салама жұмыс істедім.

Қазір уақытша басқа салада жұмыс істеп жатқан жайым бар. Дегенмен спорттан алыстап кеткен жоқпын. Хоббиім футбол ойыны, казакша күрес.

Сара: – Жалпы айтқанда, қазір өз мамандығымыз бойынша жұмыс істеп жатқан жоқпыз. Мен де Алматы қаласында

осы білім саласы бойынша, информатика пәнінің мұғалімі мамандығын тәмамдадым. Қазіргі уақытта Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінде әрі қарай білімімді жетілдірудемін. Бұйырса, дипломын биыл қолға аламын. Ал өз мамандығымнан бөлек СММ саласында жұмыс істеймін. Бірнеше жобаны қатар жүргізіп, таргетингпен айналысып жүрмін. Сонымен қатар өз паракшам арқылы да табыс тауып отырған жайымыз бар.

Табысты болу жолында әрине бір-бірімізден қолдауымызды аянып қалған емеспіз. Мысалы мен әлеуметтік желі арқылы көп болса да табыс табамын. Осы істі қолға алмай тұрып іштей бір қорқыныш, ұялу деген секілді сезімдер болды. Бірақ күйеуімнің қолдауы қуат берді. Тіпті «қысылмай қолға ал, керек болса мен де түсіп беремін» деген сөздері маған үлкен демей болды. Әлеуметтік желінің менгеру, тілін білу, онлайн табыс – қазіргі заманның талабы.

– Бірге жүріп бастан кешкен естен кетпес, ең қызықты оқиға жайлы айтып берсеңіздер.

Нұрбек: – Дәл қазір ешқайсысы еске түспей отыр. Ойға оралғанын айтсақ, той үстінде сыртымыздан түсірілген бейнероликтің түрлі желіде таралып кетуі себебінен біздің кеңінен болмаса да көп ортада танып қалып жатады.

Сара: – Иә, естеліктердің ең қызығы сол. Екеуімнің шаңырақ көтеріп жатқан айтулы күніміз еді. Күйеуім қонақтардың бірінің тілегіне көңілі босап кетсе керек, көзіне жас алды. Оны жұбатқым келді, бір жағынан енді ол менің арқасүйер азаматым екенін білдіргім кеп, иығына сүйенген сәтім бейнежазбаға таспаланып қалыпты. Әлі

күнге дейін әлеуметтік

желіде алдымыздан шығып

тұрады. Сондай бір қызық сезім.

– Отбасылық өмірге алғаш қадам басқанда бір-біріңіз туралы қандай қызықты немесе күлкілі факт білдіңіздер?

Сара: – Жолдасым мені алып қашқанда менің оның әлі есімін де білмейтінін. Алып қашып келген күні қуғаншылар келіп, мен көніп, кешірім беріліп, жөн-жоралғының барлығы жасалып, бәрі тарқаған соң кештетіп екеуіміз жеке кофеханаға бардық. Сол жерде таныстық шындығын айтқанда. Енді сол күні бір-бірімізді өмірде алғаш рет көріп тұрған күніміз ғой.

– Шаңырақ көтергелі отырған, қол ұстасқан жұптарға қандай кеңес берер едіңіздер?

Нұрбек: – Біз отбасы болғалы екі жыл. Бұл көп уақыт емес, аз да емес деп ойлаймын. Осы уақыт ішінде түйгенімізді жоғарыда атап өттік. Арада сенім болуы керек. Өзгелердің сөзі болады, көзі болады. Сондай сәтте тек бір-біріне ғана сеніп, бір-біріне сүйеу бола білу маңызды. Қандай жағдайда да іште сақтамай бірін-бірі тындап, ашық мәмілеге келе білу керек.

Сара: – Кез келген мәселе сол ашық сөйлесу арқылы шешіледі. Қолдан келсе отбасыға арнайы күн белгілеп, уақыт бөлу қажет. Мейлі серуендеу, мейрамханаға бару, мейлі үйде болса да бірге көңілді уақыт өткізу, бір-бірін сыйлықпен қуанту – адамдарды жақындастырады. Мәселен бізде әр айдың бірі – отбасы күні. Сол күні балапанымызды ертіп, қыдырып қайтатын шағын дәстүр қалыптастырдық.

– Бәрекеңді! Әдемі сұхбат үшін алғыс! Шаңырақтарыңыз шаттыққа толы болғай!

Сара: – Сіздерге де рақмет! Жас деп жасқамай, сұхбат алып жатқандарыңызға алғысымыз шексіз!



ЖАСАНДЫ

ИНТЕЛЛЕКТ БОЛАШАҚТЫҢ СЕРІГІ МЕ, ӘЛДЕ ҚАТЕРІ МЕ?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ AI-ДЫҢ КҮШІ

Жуырда «Қазактелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусин «Telegram» парақшасында «5 жылдан кейін жасанды интеллекттің не істей алатынын және ChatGPT-дың келесі нұсқасында не шығатынын болжау өте қиын. Бүгінде осы салада озық болып тұрған көптеген жоба бір жылдан кейін үйреншікті жағдайға айналуы мүмкін» деп жазба қалдырды.

Бірақ бұл қарқын бізді таңғалдырумен қатар, алаңдатуы тиіс. Біз технологияның жетістігін қуып жетуге дайынбыз ба?

Бұған дейін Мемлекет басшысы экономикада цифрландыруды жалғастырып, ЖИ технологияларын кеңінен қолдануды күштеген еді. Тапсырма аясында бірнеше жоба жүзеге асып, бұл салада ауқымды бастамалар қолға алынды. Мәселен, 2023 жылы Жасанды интеллект комитеті құрылып, жетекші құрамға Президенттік жастар кадрлық резервінің резервистері жасакталды. Ал шілдеде жасанды интеллектті дамытудың алдағы бес жылға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Сондай-ақ институционалдық ортаны дамыту аясында «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы әзірленуде.

Ал елдегі технологиялық инфрақұрылымды қолға алу мақсатында Қазақстандық суперкомпьютерлік кластер іске қосылды. Бұл кластер «KazLLM» дамыту және модель негізінде жасанды интеллект өнімдерін жасау үшін құрылған. ЦДИАӨМ ресми ақпаратына сәйкес мемлекеттік қызметтерді трансформациялауда eGov жүйесінде жеке AI-көмекшілер құруды қолға алған. Кәсіби тілде оларды AI-агенттер деп атайды.

4 қараша күні Францияда Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «NSDS Digital Investments» арасында цифрлық және жасанды интеллект білімін дамыту мақсатында стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл ынтымақтастық реер-to-реер форматындағы «TomogorwSchool» жасанды интеллект мектебін дамытуға бағытталған. Ол «OIEdu» платформасында эксклюзивті түрде жұмыс істейді.

«Oxford Insights» жүргізген Үкіметтің 2023 жылға арналған жасанды интеллектті пайдалануға дайындық индексіне сәйкес, Қазақстан 193 елдің ішінде 72-орынға тұрақтаған еді. Ал Оңтүстік және Орталық Азия бойынша аймақтық рейтингте Үндістан мен Түркиядан кейін 3-орынды иелендік.

Елдегі ЖИ-дың дамуы туралы Саясат Нұрбек «Facebook» парақшасында бөлісті. Оның айтуынша, Стэнфорд жоғары білім беру мектебінің бас технологиялық директоры Пол Кимнің қатысуымен әзірленген AI-Sana инновациялық бағдарламасы «DeerTech» стартаптарын қалыптастыру және инновациялық шешімдерді дамыту үшін нағыз трамплин болады.

— AI-Sana бағдарламасы студенттер мен оқытушылардың жаңа ойлауын қалыптастыру

құралы ғана емес, сонымен қатар қазақстандық жоғары оқу орындарының дәстүрлі білім беру тәсілінен ғылыми-зерттеу тәсіліне көшудегі маңызды қадам. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да жалпы өнімділігі 2 PFLOPS болатын академиялық кластер іске қосылды. Бұл суперкомпьютерлер ғылыми зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашады, ғылыми жұмыстарды жариялау процесін жеделдетеді және озық технологияларды дамытуға мүмкіндік береді, — делі ел.

Айта кетейік, жасанды интеллект саласында университет аралық ЖИ стандарты қабылданып, 20 ЖОО 20 білім беру бағдарламасын әзірледі.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ: ПРОТОКОЛДЫ ӨЗІ ДАЙЫНДАЙДЫ, ТАПСЫРМА ӨЗІ БЕРЕДІ. БІЗ НЕ ІСТЕЙМІЗ?!

Желтоқсанда өткен Үкіметтің көшпелі отырысында Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев «Мемлекеттік органдар жұмысына жаңа цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект ендіру» туралы баяндама оқып, ЖИ-дің мүмкіндіктерін көрсетті. Мысал ретінде министр ЖИ-дің үкімет отырысынан протокол толтырып, тиісті мемлекеттік органдарға тапсырманы қалай бергенін экраннан көрсетті. Ал кейінгі диалог Жаслан Касенұлы мен Олжас Бектеновтың арасында өрбіді.

— Олжас Абайұлы, біз бүгінгі отырысымызда ЖИ қолданып, протокол дайындадық. Міне, ол Үкімет отырысын автоматты түрде генерациялады.

— Біздің отырысты жазып отырды ғой?

— Иә, шынайы уақыт режимінде тиісті мемлекеттік органдарға тапсырмалар беріледі.

— Олай болса біріміз жұмысыз қалатын болдық қой. Протоколды өзі дайындайды, тапсырма өзі береді. Біз не істейміз?!, — деп, Премьер-министр отырғандарды ду күлдірді.

Расында, мүмкіндігі кең жасанды интеллект барлығын жасаса, біз не істейміз? Себебі, бір Chat GPT-дің өзінде түрлі функция қарастырылған. Мысалы, шығармашылық мәтіндер жазу, редакциялау, мазмұнды жақсарту, стилистикалық өзгерістер енгізу, қайта жазу немесе күрделі ақпаратты қарапайым тілде түсіндіру, ақпарат беру және талдау жасау, күрделі сұрақтарға жауап беру, деректерді құрылымдау, аналитика жасау, сабақ жоспарларын, іскерлік хаттар, резюме немесе презентациялар жазу, код жазу және қателерді түзету. Тізбекті жалғай берсек, функциясы мұнан да көп. Яғни ChatGPT — әмбебап құрал. Бұдан бөлек суреттер мен иллюстрациялар жасауға мамандандырылған Dall-E бағдарламасы бар. Ол мәтіндік сипаттамалар бойынша жоғары сапалы және ерекше суреттерді генерациялайды.

Қазір ЖИ бойынша сарапшы да көп. Instagram мен TikTok-та ЖИ-ды қолдануды үйрететін оқыту курстары бар. Солардың бірін қарастырдық. Алғашқы бейнежазбаларына қарап, студенттерге нақ керек екен дейсіз. Тақырыбын «Дипломдық жұмыс жазуға көмектесетін ЖИ» деп «айқайлатып» қойыпты. Parerpal, Paraphrase Tool және Turnitin-мен таныстық. Біреуі мәтініңізді тексеріп, өңдейді, екіншісі сіз енгізген мәтінді дәл адам жазғандай құрастырып берсе, келесі ЖИ жұмысыңызды антиплагиаттан өтетіндей етіп береді-мыс. Мұнан бөлек веб-сайт жасап беретін 10web бар. Дизайнерлік білім қажет емес деп түсіндірді. Тіпті ешқандай код жазбайсыз, өзіңізге қажет тақырып пен бағытты таңдасаңыз болғаны, дайын сайт құрап аласыз. Ал Promind AI әмбебап ЖИ. Маркетолог, сценарист, контент менеджердің қызметі бар.

Мамандар ЖИ-дың көп қолданылуы жұмыс орындарының орта есеппен 40%-на әсер етуі мүмкін дейді. International Data Corporation зерттеулері бойынша биыл әлемдегі генерацияланатын барлық деректің 80%-ы жасанды интеллекттің негізінде жасалады. Жаңа мүмкіндіктер ашылып, адам қиялының шекарасын кеңейтуге жағдай жасаған ЖИ-дің осындай пайдасын көріп, оның дамуы тек оң әсер береді деп ойлауымыз мүмкін. Дегенмен қай кезде ЖИ пайда әкеледі, ал қай жағдайда зиян келтіруі мүмкін?

ЖИ-ДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ ТАРАЗЫ БАСЫНДА

Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов желтоқсанда премьер-министрге сауал

жолдап, оқушылардың ЖИ қолдануын бақылауға алуды ұсынды. Оның айтуынша, оқу барысында балалардың жасанды интеллектті қолдануы — ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе.

— Бүгінде жасанды интеллекттің мүмкіндігі өте көп. Бір ғана фотоматериалға қол жеткізе болғаны, бұл азаматтың шынайы биометриялық картинасын дайындауға жеткілікті. Бұл ұзақ уақыттан кейін іске қосылатын бомба секілді. Қазір еш бақылаусыз бейнебақылау камералары орнатылады. Мұндағы материалдарды сақтау және қолдану мәселесі де бақыланбайды.

Азаматтарымыздың киберқылмыс алдында қауқарсыз екенін көріп отырмыз.

Сонымен қатар «ChatGPT» танымал болып келеді.

күшейгені анық.

Бүкіләлемдік экономикалық форум биыл 85 миллион адам жұмысынан айырылып қалуы мүмкін деген болжам жасады. Себебі AI бірнеше бағытты автоматтандырып, жұмысшылардың орнын басып жатыр. Сонымен, жасанды интеллект адамның орнын алмастыра ала ма?

— Жасанды интеллект адамның кейбір міндетін тиімді орындаса да, ол креативтілік, эмоция және моральдық шешімдер қабылдау сияқты қасиеттерді толық алмастыра алмайды. Адамның ойлау қабілеті мен этикалық жауапкершілігі ЖИ-ден асып түседі. Себебі бұл технология тек деректерге сүйенеді. Дегенмен, ЖИ адамның көмекшісі ретінде көптеген саланы оңтайландырып, уақыт пен ресурстарды үнемдей алады. Сондықтан жасанды интеллект адамның орнын толығымен алмастырмаса да, қоғамдағы ролін айтарлықтай өзгерте алады, — деп жауап берді IT маман Бекболат Тимур.

Түйін. Жасанды интеллектті мүмкіндіктер мен түрлі қауіптің қоспасы десек жаңылмаймыз. Ал оны дұрыс бағытта қолданып, болашақтың сенімді серігі болсын десек, мұның барлығы адамзаттың жауапкершілігіндегі іс екенін ұмытпағанымыз жөн.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Ол мектеп бағдарламасын, жаттығуларды шешуге, романдардың қысқаша мазмұнын жазып беруге қауқарлы. Бұл тәсіл сыни тұрғыдан ойлау қабілетін төмендетеді, алған білімге теріс әсер етеді, салдарынан маңызды шешімдерді өз бетінше қабылдау қиындайды. Бұл қарқынмен еліміз зияткерлік әлеуетін жоғалтады. Тез әрекет ете алмайтын, өмірдегі күрделі міндеттерді шеше алмайтын ұрпақ тәрбиелейміз, — дейді депутат.

Депутаттың айтқан «ұзақ уақыттан кейін іске қосылатын бомба» дегені орынды. Себебі жасанды интеллекттің озық мүмкіндіктері еліміздің зияткерлік әлеуетін жоғарылатуға да, оны толығымен әлсіретуге де қауқарлы. Бұл сәтте тепе-теңдікті сақтау маңызды болмақ.

Сарапшы Дәулет Аждармен байланысқа шығып, сауал жолдадық. Ол ЖИ құралдарын шектеу емес, керісінше, оның мүмкіндіктерін дұрыс бағытта пайдалану маңызды дейді.

— XX ғасырдың басында көліктер пайда болғанда, көп адам олардың қауіптілігіне күмәнданды. Сол сияқты 1990-жылдары интернет кең тарай бастағанда, қоғам оның жағымсыз әсерлеріне алаңданды. Бірақ бүгін көлік те, интернет те біздің өміріміздің ажырамайтын бөлшегіне айналды. Жасанды интеллектті де дәл осылай қабылдап, онымен өмір сүріп үйренуіміз керек.

Мен «Dag Rail» темір жол мекемесінде PR директор ретінде жұмыс істеймін. Қызмет барысында ЖИ арқылы компанияның 2 жылдық PR стратегиясын жазып шықтым. 2 деректі фильмді де толыққанды жасанды интеллект арқылы жасадым, — делі ел.

Сонымен қатар ЖИ оқушыларға «таза парақ» алдындағы қорқынышты жоюға, білімін жетілдіруге, күрделі дағдыларды игеруге мүмкіндік беретінін айтты.

— Ал шектеуге келсек, оны қолдануға толықтай тыйым салмай, білім беру процесін жетілдіру бағытына бұру керек. Мысалы, мектептер мен ЖОО-ларда плагиатты тексеретін құралдар сияқты оқушылардың жұмыстарын тексеруге арналған AI-детекторларын қолдану — тиімді тәсілдердің бірі бола алады. Мұндай жүйе тапсырмалардың өз бетінше орындалуын қамтамасыз етіп, оқушылардың жауапкершілігін арттыруға көмектеседі, — деп түсіндірді Дәулет Аждар.

Ал 20 жастағы студент Мерей Нұржанқызы сабағына көмекші ретінде ЖИ құралдарын жиі қолданғанын айтты.

— ChatGPT-дің тегін, кейін ақылы нұсқасын сатып алдым. Расымен, сабағым жеңілдеп, басқа да жұмыстарға артық уақытым пайда болды. Әссе, презентация жасауда жақсы көмекші болды. Бірақ жасанды интеллектке қатты байландым. Қарапайым тапсырманы да өзім жасауға құлшынысым болмайтын. Мұның дұрыс емес екенін түсініп, телефонымнан өшірдім. Қазір сурет генерациялау үшін ғана басқа ЖИ қолданамын, — дейді студент.


Бүгінде бір қарапайым фотоматериал адамның биометриялық мәліметтерін анықтауға, тіпті жеке тұлғаны толық модельдеуге мүмкіндік береді. Ал бақылаусыз бейнебақылау мен деректерді сақтау жүйесінің әлсіздігі киберқылмыскерлер үшін шексіз мүмкіндік ашады. Бұл азаматтардың қауіпсіздігіне үлкен соққы болып отыр. «KazHackStan-2024» хакерлік конференциясында жаһандық киберқауіпсіздік индексі наыстырылып, 194 елдің кибершабуылға дайындығы бағаланды. Былтыр Қазақстан өз көрсеткішін жаңартып, екінші топқа тұрақтады.

Мамандардың пікірінше, жасанды интеллект арқылы жалған ақпарат тарату алаяқтардың басты құралдарының біріне айналып отыр. Әлеуметтік желілерде ақпараттық сауаттылықтың төмендігі себебінен көптеген адам мұндай жалған ақпаратқа тез сеніп қалады.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да қазақстандықтарды жасанды интеллект технологиялары қолданылатын алаяқтық әрекеттерден сақтануға шақырды.

РОБОТ НЕМЕСЕ АДАМ: КІМГЕ ОРЫН ТАБЫЛАР?

Кейінгі онжылдыққа үнілсек, 2014 жылы америкалық миллиардер Джефф Безос «Amazon.com» компаниясының жүк тасымалдайтын мыңдаған қызметкерін жұмыстан босатып, оларды роботтармен алмастырды. 2018 жылы Илон Маск бастаған жасанды интеллект саласындағы бірқатар сарапшы «Do you trust this computer?» деректі фильмінде жасанды интеллекттің дамуын бақылауда ұстау маңызды екенін айтты. Деректі фильмнің жарыққа шыққанына да 7 жыл өтті. Ал бұл уақытта ЖИ-дың қауқары бұрынғыдан да



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ

2023 жылдың 3 наурыздан бастап елімізде жеке тұлға банкрот болуға өтініш бере алады. Азаматтар «жеке тұлғаның банкроттығы» қолдану үшін үш түрлі нұсқаның бірін таңдай алады – соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілетін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық

Егер банк, микроқаржы ұйымы, коллекторлық агенттіктер алдындағы берешегі 1600 АЕК-тен аспаса (5 млн 907 мың 200 теңге), жеке тұлға соттан тыс банкроттықты пайдалана алады. Бұл үшін қарыз алушы мына талаптарды сақтауға тиіс:

- Атына тіркелген, ортақ меншіктегі мүлік болмауы керек;
- Өтініш берілген күні, қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлар мен коллекторлардың алдындағы міндеттемелері бойынша төлем жасамаған болуға тиіс;
- Мерзімі өткен берешек туындаған уақыттан бастап 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуға тиіс.



Өтінішті қалай береді?

Соттан тыс банкроттыққа өтінішті жеке тұлғалар 2023 жылғы 3 наурыздан бастап eGov порталы арқылы бере алады. ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Заңның 16 бабына сәйкес, борышкер белгіленген нысан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы электрондық нысанда соттан тыс банкроттық рәсмін қолдану туралы арызбен жүгіне алады.

Өтінішке кредиторлардың атауын, берешек сомасын, орналасқан жерін көрсете отырып кредиторлардың тізімі; борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Сот банкроттығы

Бұл рәсімді қарызы 1 600 АЕК-тен (5 млн 907 мың 200 теңге) (мрп 3692 теңге) асатын азаматтар қолданады (кредитор алдындағы борыштың барлық түрі бойынша). Сот арқылы банкроттықты таңдаған борышкерге тиесілі мүлік сауда-саттық кезеңінде сатылады. Егер борышкердің жалғыз баспанасы кепіл нысанасы болып саналса, онда кредитор оны алып қоя алады. Өтелмеген соманың қалғаны есептен шығарылады, яғни жойылады. Бұл ретте мүлкікті немесе ол жайлы ақпаратты жасыру, жалған ақпарат ұсыну тіркелмеуге тиіс.

Құжат қалай қабылданады?

Азаматтар өтінішті 2023 жылдың наурыз айынан бастап тұрғылықты жері бойынша сот органына береді. Банкроттықты өткізу мерзімі – 6 ай, оны тағы 6 айға ұзарту мүмкіндігі бар. Өтінішке:

- Берешек сомасы мен олардың туындаған күні;
 - Тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайы;
 - Кейін хабарлау үшін электрондық мекенжайлары және байланыс телефондардың нөмірлері;
 - Барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі;
 - Банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінуден алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса беру арқылы борышкер мүлкінің тізімдемесі;
 - Борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.
- Салдар:
- Соттан тыс және сот банкроттығын қабылдаған азаматтар 5 жыл бойы несие қарызын және микронесие рәсімдей алмайды.
 - Тек 7 жыл өткеннен кейін ғана қайта банкрот болуға өтініш беруге құқылы.
 - Банкрот болған азаматтың қаржылық хал-ахуалына 3 жыл бойы арнайы мониторинг жасалады.

Төлем қабілетін қалпына келтіру

Бұл рәсімді қолданушылар толық банкрот болмайды. Жеке тұлға қаржы ұйымы алдындағы берешегін бес жыл мерзімге бөліп төлеп, төлем қабілетін қалпына келтіре алады. Үдеріс сот арқылы жүзеге асады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш беруді жоспарлап отырған борышкер үшін жалғыз ғана шарт бар – борыш мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүлкінің құнынан аспауы керек.

Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

- Қалпына келтіру шаралары:
- Мүлкінің бір бөлігін сату;
 - Мүлкікті жалға беруді;
 - Жаңа үй сатып алу арқылы тұрғын үйді сату;
 - Құны төмен тұрғын үйге айырбастауды және басқаны қамтиды.

Серік ӨМІРЗАҚОВ,

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының берешекпен жұмыс бөлімінің басшысы

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ


«Асель и КС» ЖШС (БСН 030540013202) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі 11.

«Сол уақыттың кезеңін, мінез-құлқын өз қалпында шебер бейнелей біледі. Сол үшін де бұл кісінің шығармалары өміршең. Бұл кісі үлкенге де, кішіге де, сауатты адамға да, сауатсыз адамға да бәріне де жақын. Өйткені өмірдің ауасындай, өмірдің өзінде бұл кісінің шығармасынан көркем шығарманы емес өмірді көресіз. Өмірге еніп кетесіз»

Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ

Тендесі жоқ кемеңгер жазушы

Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толды. «Әбдіжәміл Нұрпейісовті қазақ әдебиетінің ұстазы деуге болады. Ол ғасырға жуық ғұмыр кешті. Соның 80 жылында қалам ұстап өтті. Әдебиетке деген адалдықты, шығармашылыққа деген жауапкершіліктің қандай болатынын ісімен көрсете білді. Ал шығармасының өміршеңдігі махаббат, адамгершілік сияқты



қасиеттерді сол заманға, сол уақытқа сәйкестендіріп жаза білгендігінде. Әбдіжәміл Нұрпейісов әдебиетке 1947 жылдан араласа бастады. Тұңғыш шығармасы соғыс тақырыбына арналып жазылған «Курляндия» романы. Ол 1950 жылы жарық көрді. Кейін оны өңдеп, толықтырып «Күткен күн» деген атпен қайта жариялады. Өткен ХХ ғасыр қазақ әдебиетіне мол сыбаға

қосқан суреткерлердің бірі – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты шетел тіліне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние-жүзіне танытты. «Соңғы парыз» дилогиясы да әлем әдебиетшілерінің үздік бағасына ие болды. Әлеуметтік-психологиялық «Соңғы парыз» роман-дилогиясында Арал теңізінің апатқа ұшырауына

кінәлі адамдардың хикаясы нақты суреттелген. Шығармада экология, табиғат пен адам арақатынасын толғаған қаламгер оқырмандарды рухани-адамгершілік мұраттарға жетелейді.

Әбдіжәміл Кәрімұлы – қазақ әдебиетінің дара жазушысы, ол өз шығармаларында ұлттық мәдениетті, тарихты және адамның ішкі жан дүниесін терең зерттейді. Оның шығармашылығы өзіне тән стиль, образдар мен метафораларға бай. Нұрпейісовтің жазу мәнері реалистік, әрі лирикалық сипатта, бұл оны қазақ әдебиетіндегі ерекше тұлға етеді. Оның шығармаларында өмірдің күрделілігі мен адамның қоғамдағы рөлі маңызды орын алады. Жазушы шығармаларының маңызы күні бүгінге дейін артпаса, кеміген емес.

Қарақат ЫДЫРЫС,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
3-курс студенті

ЫДЫС ЖУУШЫДАН – ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗҒА ДЕЙІН

1950 жылдардағы Париждің сән үлгісі, Christian Dior-дың музасы, Қазақстандағы атақты сән үйінің символына айналған шығыс сұлуы – Алла Елшіні 1926 жылдың 10 желтоқсанында дүниеге келді. Оның әкесі Қуантқан Елшіні Алматы қаласының өкілі, жоғары білімді инженер болған. Атасы қазақтың байы, анасы Тамара Михайлова опера әншісі еді.

Алла Харбин қаласында дүниеге келген. Қытайдағы қиын жағдайға байланысты анасымен бірге елден қашуға мәжбүр болды. Әкесі Қуантқанды кейін, «бай тұқымы-нансын» деп қуғынға ұшыратады. Анасымен Парижге қоныстанған ол, қиын қыстау кезеңді бастан кешіреді. Білімге құштар жас қыз француз, ағылшын, неміс, орыс, италиян және испан тілдерін еркін меңгерді. Сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғыста, Алла француз әскерінің құрамында болып, лазаретте медбике қызметін атқарады. Осылайша, Парижді басқыншы жаудан азат етуге жантәнімен атсалысады.

Қайтпас қайсарлығы мен жігерлілігінің арқасында тағдыр жолынан қаймықпай, шыңдалып, өзін-өзі жасап шыққан тұлға.



Соғыстан кейін, Алла қарапайым асханаға ыдыс жуушы болып жұмысқа тұрады. Бір күні Елшіні, сырқаттанып қалған құрбысының орнына сән үйінің кастингін барады. Сол жерде Алланы Кристиан Диордың өзі байқап калып, Диор сән үйіне жұмысқа шақырады.

Алла Қуантқанқызы азияттық түр-әлпеті, көзінің қиығы, 47 сантиметрлік қыпша белі, оны өзге модельдерден айрықша етті. Ол еуралық тұңғыш модель болды. Кейін сұлу бойжеткен «Диордың музасына» айналды. Диор сән үйіндегі жиырма жылдық қызметінен соң, Алла Кристианның шәкірті Ив Сен Лоранның сән үйінде он жыл уақыт жұмыс істейді. Бір модельдің осыншама уақыт өзектілігін жоғалтпауы сирек кездеседі.

Зейнет жасына жеткен Алла Елшіні мансап қуудан бас тартты. Жанкүйерлерінің көзінде мәңгі жас бейнесіне калуы қалаған ол, өзін суретке түсіруге рұқсат бермеген еді. Алла бойында қазақтың қаны бар екендігін тек ғұмырының соңы да айтқан болатын. Диордың музасы болған – Алла Елшіні 1989 жылы 8 наурызда 63 жасында көз жұмды.

Алла Елшіні туралы бүгінге дейін бірнеше көркем фильм, арнайы кештер мен кітаптар басылып шығарылды. Тыңғылықты зерттеу мен айқын дәйек-деректің арқасында Берлин Иришев Мәскеуден және Парижден «Диордың музасы» атты кітабын шығарды.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА

Бала тәрбиесіндегі ең алғашқы ұя – отбасы екені баршамызға мәлім. Бала тәрбиесі – ұлт болашағы. Бала тәрбиесінде ата-ананың маңызы зор. Ата-ана бала үшін де, бала тәрбиесінде де басты тұлға. Сондықтан баланы дұрыс тәрбиелеу – ата-ананың ең бірінші міндеті. Баланы сәби кезінен адамгершілікке, имандылыққа, ізеттілікке, қарапайымдылыққа, жақсылыққа, ұқыптылыққа, жақсы әдетке, әдептілікке, жауапкершілікке, еңбекшілік секілді қасиеттерге ақыл айтып отырып, сөзбен тәрбиелесек, өсе келе іспен көрсетуіміз қажет. Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, бір-біріне деген сыйластық бала тәрбиесінде зор үлес алады.

Жапондықтар бала тәрбиесіне ерекше мән береді екен. Олар қазақтың мақалында айтылғандай, «балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, он бес жасқа дейін құлындай жұмса, ал он бестен кейін досыңдай сырлас» деген тәрбие негізін берік ұстанады. Ал үндістер балаларын қатаң ұстайды екен. Балалар кішкентай кезінен бастап ата-анасының таңдауына мойынсұнады, ата-ана қалауына қарсы келмейді. Швед елінде баланы еркін тәрбиелеп, сәби кезінен жеке тұлға ретінде қалыптасуға міндеттендіреді. Баланы ұрып-соғу, қатыгездік таныту қылмыс болып саналады. Ата-аналары балаларына қол жұмсама, полиция қызметкерлеріне шағымдануға құқылы.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей, ата-ана – бала үшін «модель», ең бірінші өзімізді, содан жасөспірімдерді тәрбиелеуіміз қажет. Ата-аналардың ең үлкен қателігі – «Кішкентайынан айтқанымды істете алмасам, өскенде мүлдем тыңдамайды, балаға қаншалықты қатал болсам, соншалықты мені тыңдап, сыйлайтын болады, сөзімді екі етпейді» деп ойлауы. Баланы өзіңіз қасында болмайтын уақытқа дайындағаныңыз дұрыс. Баланы ұрып-соғып, дауыс көтеріп, қабақ шытып тәрбиелеу мүмкін емес, өйткені күш көріп өскен бала толыққанды дамымайды. Эмоционалды еркін өскен бала өзін сырттай бақылай алатын, сезімдерінен мықты, жігерлі, өз-өзіне сенімді мол, жүрегі кең, шапшаң бола алады.

Көпшілік «Тәрбиесіз бала қайдан шығады?» деп жатады. Менің пайымдауымша, оған ең басты себеп – тәрбиенің дұрыс болмағандығы, ата-ананың балаға нені дұрыс, нені бұрыс екенін имани тұрғыда дұрыс жеткізе алмағандығы. Әуелі имани тәрбие мен әдептілікке бой сіңірткеніміз жөн. Тәрбиесіз, әдепсіз, ұқыпсыз баланың қоғамда айыройы болмай, әркімнен сөз естіп жүреді. Баланың жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін, тәртібін, бос уақытын қалай және кіммен өткізетінін қадағалаған жөн. Ал жалқау бала ше?

Бұл сауалға ата-ананың еңбекке бауылмай, ақсауақ етіп тәрбиеленгенін айта аламыз. Үлкендер тарапы балаға түрлі жұмыстарды, жеке тапсырмаларды, маңызды шаруаларды сеніп тапсыра білуі қажет. Баланы жастайынан жұмсап, бойына бір жауапкершілікті енгізу керек.

Қазіргі қоғамдағы қатыгездік – негізгі проблемалардың бірі. Бұл да бүгінгі баланың бойынан табылатын теріс қасиет. Ата-ананың балаға деген немісқарайлығы баланың мінезін ғана емес, өмірге деген ынтасын бұзады. Әрине, бала тәрбиесі ана тәрбиесінен басталады. Жеке тұлғаның қалыптасуына әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастар да әсеретеді.

Мағжан Жұмабаев: «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер... Бала тар ойлы ақмақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиесі кінәлі, бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жынды болса, бала айыпты емес, тәрбиесі жазалы» деген. Көп ата-ана баланың ішкі-жан дүниесіне мән бере қоймайды. Оның да бір себептері болып жатады: жанталас өмір, баласы ешкімнен кем қалмасын деп бірнеше жерде жұмыс жасауы, теледидар, ұялы телефон, интернеттің әсері тағы бар. Кез келген сәбидің өзіне тән қасиеті мен қабілеті болады. Қабілетсіз адам болмайды, сол үшін уақытында қажетті жағдай жасап, қабілетін жетіктіре білу қажет.

Менің ойымша, бала әжеңгі ақыл, ананың мейірімін көріп өсуі керек. Балаға «қадірлілік» сезімін толыққанды бере алуымыз қажет. Өйткені, бала өзін қадірлі, керекті

сезінсе ғана «сенімді» бола алады. Бала тәрбиесі дегеніміз баланың бүкіл өміріне араласып, ата-анаға бағынышты қылу емес. Бала тәрбиесі, баланың сеніміне кірумен бастау алады. Балада ең бірінші сенімнің пайда болуы үйдің ішіндегі тыныштық пен жайлылығына, сабырлығына байланысты. Баланы жазалауға болмайды, бала ең бірінші ата-анасына тәуелді бола бастайды, бойында қатыгездік пайда бола бастайды, оның соңы жақсылыққа да әкелмейді. Жазамен тәрбиеленген адам «сенімсіз», «адамгершіліксіз» келеді. Өйткені, жаза балаға қарсы күш көрсету, ал күш көрген бала басқаға да күш көрсететін болады. Балаға келешегіне жігер беріп, жаны мен тәнін басқара алатындай күш беру керек. Балаға орынсыз дауыс көтеру дұрыс емес, балаларымызды тек қана қатаң тәрбиелемей, күніне бір еркелетіп, сүйіп, құшақтап, қалай жақсы көретінімізді білдіріп, қателіктерін ақылмен айтып, баланы арасында мақтап, әлпештеп қоюымыз қажет деген ойдамын.

Әр ата-ананың арманы – баласының аман жүргені, иманды, сыйлы, тәрбиелі, биік жетістіктерге жеткені, жауапкершілігі жоғары, табысты азамат болып өсуі. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын жерге қаратпайды, ата-анасын тек қуантуға тырысады. Болсақ жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу – үлкендердің жауапты ісі. Егеменді еліміздің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесі. Жас ұрпақ жақсы тәрбиеленсе, болашағымыз жарқын болмақ.

А.БОЛАТҚЫЗЫ,

Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері



МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ АСЫЛ СҮЙЕГІ НЕГЕ БЕРЛИНДЕ ЖАТЫР?

Қазақ халқы үшін қызмет етіп, сол жолда құрбан болған қаншама дүр тұлға бар. Олардың ерен еңбегін айтқанда таңды-таңға ұруға болады. Мәселен, қазаққа ғана емес, арамдызды қан ғана бөліп тұрған иісі түркі жұртының азаттығы үшін арпалысқан Мұстафа Шоқай жайлы сөз етейік. Ол қазақ халқының көрнекті мемлекет қайраткері, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, публицист және саяси эмигрант. Ол 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан автономиясын құруға белсенді қатысты. Түркістан халқының мүддесін қорғап, ұлттық мемлекеттіліктің негізін қалау үшін тынымсыз еңбек етті. Алайда Кеңес билігінің бұл бастаманы жоюы оны шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр етті. Өз ойын құлбәттелемей, ашық айтып, еліне сүйеу, халқына тіреу бола білген жан белгісіз жағдайда Германия мемлекетінің Берлин қаласында қаза тапты.

«Неге Берлинде?» деген сұрақ туындаса, Францияда эмиграцияда болған кезінде фашистік Германия өкілдерімен кездесті. Нәтижесінде Түркістан легионына қатысты ұсыныстар алды. Легионның мақсаты – Кеңес билігіне қарсы күресу еді. Бірақ Мұстафа Шоқай мұндай жобаларды түркі халықтарының мүддесіне сәйкес деп санамады. Ол кеңестік тұтқындар лагерлеріндегі мұсылман тұтқындардың жағдайын зерттеу үшін шақырылған. Осы мақсатпен Берлинге барды.

Нақты ресми құжаттарда Мұстафа Шоқайдың өлімін 1941 жылы сүзек ауруынан қайтыс болды деп көрсетілген. Ал зерттеуші Әбдіуақап Қараның еңбектерінде фашистік режимге қарсы көзқарастары үшін ұландырылған болуы мүмкін деген болжам бар. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, ол фашистік Германияның тұтқындар лагерінде жүргізілген тәжірибелердің құрбаны болуы мүмкін деп айтады. Бұл ұсқа оның кеңес армиясынан тұтқынға түскен мұсылмандарды «Түркістан легионына» тарту үшін қолданылмақ болған деген деректерге негізделген. Сондай-ақ тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің еңбектерінде Мұстафа Шоқайдың өліміне кеңестік арнайы қызметтердің (НКВД) қатысы бар деген болжам келтіріледі.



Өткен жылы Берлин қаласына саяхаттау бұйырды. Бұл сапарым барысында әрине, Сыр елінің перзенті Мұстафа Шоқайдың зиратына бару жоспарланған. Берлиннің орталығында орналасқан Түрік мұсылман зираты – бұл тек тыныштық пен рухани орнықтылық мекені ғана емес, сондай-ақ тарих пен мәдениет тоғысқан ерекше жер. Зираттың аумағы ұқыпты, жасыл желекке толы, әр қабірдің маңында ескерткіштер мен құлпытастар орналасқан. Мұстафа Шоқайдың қабірі де сол жерде. Құлпытасында оның туған және қайтыс болған жылдары жазылған. Бұған қоса, «JOH.15.13» деген жазу көрсетілген. Мұның мағынасы, христиан дінінде «достары үшін жанын қиғаннан бұдан артық махаббат жоқ» дегенді білдіреді. Соған қарағанда жерлеген адамдар елі үшін жанын берген тұлға екенін көрсеткісі келген сынайлы.

Қабірдің жанында Берлиннің тарихи мұсылман мешіті орналасқан. Бұл мешіт Осман империясының мұрагерлері тұрғызған ғимарат ретінде белгілі. Оның сәнді күмбезі, нәзік архитектурасы және рухани тыныштығы әр келушіні таң қалдырады. Тіпті әлем мешіттері арасында сұлулық бойынша 12 орынға жайғасқан екен. Атауы да ерекше. «Шәһидтік» (Şehitlik) мешіті деп аталады. Атына заты сай мешіттің жанындағы қабірде дін жолында, Отан қорғау жолында опат болғандар жерленген. Атап айтсақ, Мұстафа Шоқайдың жанында Осман империясының атақты дипломаты Халил Хамид паша және Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі мұсылман көшбасшылары бар. Жалпы, бұл орын – ұрпақтарға рухани мұра ретінде қалған естелік мекені.

Осы сапар барысында мен Мұстафа Шоқайдың өмірі мен мұрасына деген құрметімді арттырдым. Оның рухына тағзым ете отырып, қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің маңыздылығын тағы да бір терең сезіндім. Көбіміз ата-бабамызбен мақтанып жатамыз. Бұл үлкен мәселе. Себебі оның мөлшерінде, шегінде, қолданыс тәсілінде жатыр. Тарихи тұлғалардың жүріп өткен жолын білу мен сезіну қажет. Ал, мақтану жай ғана тұлқибұлаң сөз бен бұлаңқырықтық қасиет. Мұнан кейін мақтаншақтарды «құлтжанды» деп жасанды сөз айтып, ұлттық санадан бездіріп жібереміз. Неге? Болашақ ұрпаққа өткенді жеткізіп, сезімін тебіртсек сол заманның қиындығы қайтып келмеуіне қадам жасайтынмыз түсінікті. Мұндай сапар әркімге ерекше ой салып, өткенге құрметпен қарауға үйретеді. Мұстафа Шоқайдың мәңгілік мекені тек қазақ халқына ғана емес, барша түркі әлеміне үлкен маңызға ие.

Азамат АБИМОЛДА,
Германия мемлекеті, Берлин қаласы,
Фото автордың жеке мұрағатынан.

Күнделікті күйбең тірліктен тыныштыққа, үй шаруасына бет бұрудан қалған Насихат демалыс күні болса да тосектен күндегідей уақытта тұрды. Аздап сырқаттанған жүрген. Онысын баптай берсе баспанасы иесіз үйге ұқсап қалаатын түрі бар. Басына шешесінен қалған орамалын түйіп алып, тазалықты қай бөлмеден бастарын білмей сәл кідірді. Сон-соң көзге кірпідей тиген заттардың бәрін қылтимаға тастай беретінін есіне алып, жұмыстың ауырына кірісейін деген ойға тоқталды. Алақандай аумақта ине шанышар орлы жок. Есік алдында тұрып, қолға ілінген заттарды кезегімен кең бөлмеге тасыды. Әрқайсысына қабат-қабат шаң жабысып, сілкігенде айналаны түгел ағартып жіберетіндей кірлеген. Осылай тұрғанда 1996 жылдары сөнге айналған, санмен құлыпталатын қара қобдишаға көзі түсті. Жанына отырды да, былғары терісін ерекше сезіммен сүртіп, бірнеше рет ашып-жапты. Сол дыбыс өткен күннің естеліктерінен сыр шертетін секілді. Ішіне біраз дүние сыйып кететін қобдиша құшағына бұл бума толы ақша салып, тауарға кететін.

Насихат мектеп бітірген соң тарихшы болуды көздеп, Қарағандыға оқуға түсті. 1994-тің жазында қолға диплом алып, елге оралды. Жұмыс та буда қиналған жоқ. Себебі бұл кезде елде жоғары оқу орынында білім алғандардың қарасы көп емес-тін. Бірнеше күннен кейін-ақ жергілікті радио корпорацияға корреспондент болып жұмысқа қабылданды. Репортерді нығыз асып, қаладағы барлық мекемені аралап, сұхбат алып жүретін. Одан қалса кешкілік радиодан сөйлейтіні тағы бар. Тапдырмаш денелі қара қыздың еңбексүйгіштігін, көңілінің ақтығын байқаған басшы да бұған басқалардан бөлек қарайтын. Оңашада: «Қызым, талабың таудай болсаң. Жан дүниенді таза ұста. Адами болмысыңнан айырылма. Аналарға жуыма, кабинеттеріне кірме», – деген сөзін Насихат көп уақыт түсінбей жүргені рас. Сосын басқа әріптестерінен алшақ жүретінді шығарды. Қазір жол көрсеткен ағасының не айтқысы келгенін ұққан секілді.

Көп уақыт өтпей Насихатқа жеткен суыт жаңалық еңсесін езіп жіберді. Келешекке деп жасаған жоспарының құл-талқанын шығарды. Әкесі айықпас дертке ұшыраған еді. Жұмысындағылар: «Бәрі жақсы болады. Жұмысына алаңдама. Әкенің жанында бол. Сырқатынан айыққан соң қайта ораларсың», – деп шығарып салды. Алайда бірнеше сағатта жүйіткіп, туған елге жеткізетін пойыз он шақты қараша үй тиеген түйе секілді баспай келеді. Осы кезде дейін қанаттыға қақтырмай бой жеткізген әкесінің әрбір жақсылығы, жылы көңілі жүрегін елжіретіп, тағат таптырмай келеді. Елге аман-есен оралып, әкесінің аянышты хәлін көргендегі Насихат мүлде бөлек адам еді. Ауруханада өке керуетінің жанында оның амандығын

тілеумен қанша күн өткізгені белгісіз, қайтарымы болмады. Беті бір сәт те бері қарамай, келмеске кетті. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Өрімдей қыз анасымен бірге ботадай боздап, торқалы жерлеуін өткізді. Бұдан соң бауырларына анасын аманаттап, қайтадан қалаға, жұмысына кетті.

Адам баласы үшін ет жақынынан айырылудан асқан қайғы жоқ шығар, сірә. Әсіресе ата-анадан мәңгіге жырақтау балаға тозақпен бірдей көрінетіні бар. Насихаттың тап бұндай жағдайға ұшырайтыны үш ұйықтаса түсіне кірмеген еді. Алайда бірнеше айдан кейін ауылдан тағы бір көңілсіз хабар жетті. Анасы жалғызсырап жүрген көрінеді. Аздап ауруға да ыңғай

тамақ жегізе алмағасын базарда сауда жасауды ойға алды. Жақын-жуықтары абыройлы орнында қызметін жалғастырып, базарға шықпауына кеңес берді. Дегенмен көнбеді, ол үшін қорқынышты нәрсең бәрі артта қалған тұғын.

Бірінші күні аздаған «албини», «пикник», «луна» секілді тәттілерді сатудан бастаған бойжеткен көп көзінен ұялғаны жасырын емес. Алдына қойған үстел үстіне заттарды ерекше әдемілікпен орналастырып, тез-тез сатып жібереді. Бұнысына шындап қуанышты. Жүгіріп барып, көтерме дүкеннен тағы бір қалта тәттілерді аркалап қайта келеді. Үстіндегі пайдасын азық-түлік түрін

– Қызым, кел, жол бой «жылынып» отырайық, жаурап қаласың, – деді толықша келген сары жүз әйел.

– Мұндайға әуестігім жоқ, рақмет арай.

– Онда біз сәл әңгіме айтамыз, сен ақшамызды күзетесің, – деп барлығы сөмкелерін Насихат отырған орындықтың жүк көлігіне тастай салды. Діттеген қалаға жеткен соң барлығы базарда тарыдай шашырап, керек заттарын саудалауға кетті. Бұрыннан саудамен айналысатын да елге қайтарда үлкен жүк көлігін жалдап, қызды жүргізушімен бірге қайтаруды жоспарлаған. Сондағысы: «Жолда кездесетін тәртіп сақшылары сұлу қыздан ақша сұрамайды ғой», –

тепкілеген уыс қар қыздың суық денесін одан сайын тоңдырып барады. Осы жерде жан тапсырамын ба деп қорқайды. Әке-шешесінің аманаты, қос бауырын жеткізе алмадым ба деп өкінеді. Аппақ жүзі көз жасының лебімен жылынып, ұйықтап кеткенін байқамай қалды. Бір мезетте құлақ тұндыратын жүк көлігінің дауысынан көзін ашты, айнала жап-жарық. Жанашыр қария қанша уақыт жоқ болғаны белгісіз, әйтеуір көліктің ретін тауып әкеліпті. Бойжеткен бұрын бұлай қуанбаған болар. Қарияның алдынан жүгіріп шығып, құшақтай кетті. Жүл жолы қуаныштың көз жасына малынып, алғысын жаудыра берді. Жүргізуші: «Бәрін таста, қызым. Енді бұлай жүрме», – деген сөзін кезекті рет қайталады.

Артында келген көліктің иесі бұл қарияға мүлде ұқсамайды екен. Бұзылған камаздағы заттарды әліне қарамай тасып жатқан қызды аямақ түгілі, әлсін-әлсін шылым тартып, әндететінін қайтерсін? Жәшік толы сүт, балық консервлері, тағысын тағы базардағылардың тауарын тасуға көмектескісі келген қызды жолатпады. Әйтпесе Насихаттікі жеңіл-желпі тәттілер ғана ғой. Заттарды толық тиеп болғаннан кейін қария бойжеткенді жүргелі тұрған көлікке отырғызып, өзін алып кетуге адамдар келе жатқанын айтты. Көріскен сайын айтатын ақылын тағы бір мәрте құлағына құйып, қалып қойды.

Көлік өзі тұратын базардың қоймасына жеткенде бұны күтіп тұрғандардың қарасы қалып еді. Тұрлеріне қарап түнде ұйықтамағанын, кейбірінің жылғағанын көзі де ісіп қалғанын бұл анық байқады. Шамасы осында түнгенге ұқсайды. Көліктен түсе салысымен, барлығы у-шұға салып, бойжеткеннің аман жеткеніне қуанады. Кейбір көліктегі заттарды түгендеп: «Қарашы, заттар да бүтін», – деп қаршадай қызға ризашылықтарын білдіріп жатты. Бала-шағаның нәпақсын базардағы көзге көрінбес соғыстан айырып алып отыр. Неге десеңіз, бітпейтін тексерісі бар милиция қызметкерлері, салықшылар, рекеттер мен бопсалаушылардың дәурені жүріп тұрған кезде ақша табу дегеніңіз... Насихат та ізіне ерген бауырларын азықтан тарықтырмай, оқуының ақысын осы базарда еңбектеніп тауып жүр. Бірақ денсаулығын сарп еткендер де жоқ емес.

Осыдан соң Насихат базардағы тірлігін тастап, жалақысы жақсы жұмысқа тұрды. Кейінірек тұрмыс құрып, торсықтай екі ұлды дүниеге әкелді.

– Қазір отбасыммен бірге біреуден кем, біреуден артық өмір сүріп жатыр екенмін-ау. Өмірдің ащысы мен тұщысының да дәмін тауу керек деген рас. Берілген сынаққа төзіп, табандылық танытқандар ғана шын бақытқа кезігеді екен. Бәріне шүкір! – деді де қара қобдишаны сүртіп, сандық түбіне салды.

Сартай БАЙЖАН



ҚАРА ҚОБДИША

берген. Жұмысын тастап, анасының қасына барып еді, тағдыр ғой, көп ұзамай ол да жарынын артынан жүріп кетті.

Қос қазаның ауырлығы басылмаса да бойжеткеннің мойнында тағы бір жүктің салмағы сезілетін. Кеше ғана қалаға оқуға түскен сіңлісі мен інісін қалай да өсіріп, жеткізу міндеті тұр. Ер жетіп қалған інісін қарашаңыраққа тастап, ізінен ерген қаракөзді оқуға жіберді. Бірақ университетке төлейтін оқу ақысын табу бөлек мәселе.

«Жыртық үйдің құдайы бар» дегендей үлкен шаһардағы музейге жұмыс ауыстырып, жұрт қатарлы өмірге қол жеткізді. Бірақ бұл тұста көпшіліктің бір қалыпты өмірі жоқшылықпен пара-пар болатын. Зауыттарда жұмыс істейтіндерге жалақы орнына сатуға жарайтын заттар берілетін. Мұнда жұмыс істейтін қалалықтар көп болғандықтан, ақшасын бұйым-заттарға садақа қылатындар да көп емес. Тіпті мемлекеттік қызметте жүрген Насихат та бірнеше айлап еңбekaқысын ала алмайтын. Ондаған шақырым қашықтықта орналасқан үйінен қатынаса да, сіңлісін оқытып, тоқытты. Бірақ бауырларына тойдырып

көбейтуге салып, бірнеше айдан кейін шатыр астынан жеке орын да алып үлгерді. Бірақ кәсіпкерлікпен айналысу оңай шаруа еместігін ұқты. Себебі қақаған қыста денесі қалшылдап, жаздағы аптапта жан сауғалау жанды қинайтын. Оның үстіне ара-тұра таяу шетелдерден зат тасуға кейбір менмін деген жігіттердің табандылығы жетпей қалатын. Ал бұл базардағы әріптестерімен Сібір, Омбы қалалары мен Польша елдерінен тауар таситын. Қара қобдишаны да осы кезде сатып алған. Бірнеше сандармен құлыпталатын бұндай қара сөмке ұстайтындар қалада көп болмағанымен, сән әлемінде ең танымалы еді. Насихат бұның сүккөзділердің назарына ілінетінін білсе де, ақша тасу үшін алған. Алда-жалда қолды болып, ұрылар араммен кессе де қалыбын жоғалтпайтын сөмке осылай сапарларға сұранып-ақ тұр.

Қыстың бір аязды күні бойжеткен базардағы аға-әпкелерімен бірге сапарға шықты. Араларындағы ең жасы өзі. Теміржол тұлғарына мініп, орналасып алған сапарластары ақ шөлмектің қалпағын қайырып, мейрамдатығын бар.

деген сылтаулары ғана. Бойжеткеннің бұған көнбеске амалы жоқ. Жол ұзақ болғанымен, жүргізуші егде тартқан, әңгімешіл, қамқор қария еді. Бұлар тауарға келсе ылғи осы адамға қолқа салатын. Әр келген сайын жүргізуші: «Қызым, айналайын, ауыр зат аркалап, суыққа бой беріп жүрсің. Теніңді тауып, тезірек тұрмысқа шық», – деп ақылын айтудан жалықпайды.

Бұл ақпан айының ортасы болатын. Аязды күн айбарын көрсетіп, боран басқан көне жол үстінде жүйіткіп келе жатқан көлік кілт тоқтап, жүрмей қалды. Қария көлік қозғалтқышын әрі-бері қозғап еді, мұнысынан түк шықпады.

– Балам, бұлай отыра бергеніміз жарамайды. Салқын бізді айып деп тұрған жоқ, – деп иығына асқан тонның қыздың аяғына жапты. – Жақын маңда елді мекен болса, көлік алып келемін.

Ал Насихаттың аузына «Абай болыңыз» дегеннен басқа сөз түспеді. Жүргізуші ақ боран арасына сүңгіп кеткеннен кейін де жаңағы сөзді біршама уақыт қайталаумен болды. Үлдіген желдің дауысы қасқырдың ұлыған үнімен қатарласып, терезені



ДЕЖАВЮ

ТУРАПЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Болып жатқан оқиғаны бұрын-соңды басыңыздан өткеріп немесе түсінізде көрген секілді күй кешіп көрдіңіз бе? Мұндай жағдай сіздің де басыңыздан өтті. Ал мұны ғылымда «дежавю» деп атайды. Ендеше осы құбылыс туралы талдап көрейік.

Дежавю – басыңыздан бұрын өткендей сезілетін жағдай. Басқа қырынан қарасақ, дәл қазір болып жатқан жағдайға осыдан біраз уақыт бұрын тап болғандай күй кешу. Ол – француз тілінен аударғанда «көріп қойғанмын» деген мағына берсе керек. Яғни бұл іс-әрекет бұрын болғандай көрінетін психикалық ахуал. Бірақ бұл сезім дәл ертеректегі оқиғамен байланыспай, жалпы болған кезбен сәйкеседі.

Дежавю кезінде бірнеше секундтан кейін не болатынын алдын-ала аңғарсаңыз, тіпті сол сәтте қарсы тұрған адамның не айтқаны келіп тұрғанын білесіз. Әдетте бұл сезім 5-10 минутқа созылады.

Негізінен дежавю кезінде адамдар олардың ата-бабасы бастан кешкен жағдаймен бетпе-бет келеді. Мұның кеңінен тараған бірнеше себебі бар.

Атап айтсақ, дежавюді сезінетін адамдардың басым бөлігінде психикалық ауытқу мен жүйке жүйесінің орнықты жұмыс істемеуі байқалған. Одан соң – эпилепсия. Талма ауруына шалдыққан адамдар мұны басқалардан жиі кешіреді. Ал күйзеліс кезінде құбылысты сезіну жүйкеге күш түскенде көбірек сезіледі және мидың шайқалуы, бас сүйектің зақымдануы дежавюдың туындауына себеп болады.

Таннның атуы, әдемі ғимарат көру, ұстау арқылы ми қабылдаған сезімдер санада сақтаулы тұрады. Араға уақыт салып, сондай сезімдерді өзге қалада, не елде сезінеді. Сол себепті ми бұрын орын алған оқиға ретінде белгі береді.

Дежавю құбылысының ең қарапайым түсіндірмесі, «ұмыт болған тұс» деп аталады. Көп жағдайда белгілі бір нәрсені шектен тыс уайымдап, оқиғаның қалай өрбитінін өзіміздің санамызда елестетуге тырысамыз. Кейін оны түс ретінде де көреміз. Нәтижесінде есте қалмаған түстер шынайы өмірде орын алуы осы құбылыстың туындауына себеп болады.

Тәжірибеге сүйенсек, бастапқы уақытпен салыстырғанда, ғылым бұл құбылысты зерттеу саласын дамытуда ілгері жылжығанын байқаймыз. Өйткені жаңа теория мен тәжірибе қорытындысы пайда бола бастады.

XX ғасырдың ортасында Уайлдер Пенфилд эпилепсия дертіне шалдыққан адамдармен жұмыс істеген. Олардың миына аздаған электрразряды жіберілген. Емделушінің көз алдына бейнелер келіп, кейін дежавю құбылысын сезінгенін айтқан. Сол сәттен оны ми жұмысының бұзылуымен байланыстырады. Бірнеше мыңдаған зерделеу барысында мидың гиппокамп аймағы мен ми сыңарлары оның туындауына себеп болған. Гиппокамп дегеніміз – мидың бұл бөлігі ақпаратты жинайды, сараптайды және сақтайды. Ол адамға өткен мен бүгінді ажыратуға сол арқылы кітапты бұрын оқығанын, фильмді көргенін, адаммен таныс екендігін ұғады. Бірақ жаңа мен ескі ақпарат арасындағы шекара бұзылып, гиппокампқа күш түскен жағдайда оның жұмысы бұзылады.

Дежавю – ғылым сырын әлі ұқпаған құбылыс. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде мүмкін себеп пен олардың нұсқалары ұсынылды. Бірақ әлі де жауабы табылмаған сұрақ күйінде қалады.

Ақкербез ҚУАНЫШБАЙ

Нұртуған БАЛТАБАЙ:

БИЗНЕСТЕ СЕНІМ МАҢЫЗДЫ

Қазір көпшілікті кәсіпкерлік саласы қызықтырады. Үй құрылысы мен жиһаз өндірісінде де сұраныс артып, бұл бағыттағы шеберлік пен білікті мамандардың орны айрықша танылуда. Бір қарағанда қарапайым көрінген пластик терезе мен есік орнату ісінің де өзіндік сыры, қиындықтары жетерлік. Бір терезені орнату үшін тек дәлдік пен шеберлік қана емес, сапалы материал мен есептің дұрыс болуы да маңызды рөл атқарады. Осындай салада табысқа жеткен кәсіпкердің бірі – Нұртуған Балтабай. Кейіпкермен әңгіме-дүкен құрудың сәті түсіп, бизнестің мән-жайын біліп қайттық.

– Әңгімені бизнеске келу жолыңыздан бастасақ, пластик терезелерді орнатумен айналысуды қашан және қалай қолға алдыңыз?

– Ең алғаш еңбек жолымды 2010-2011 жылдары жеке цехта жұмыс істеп бастадым. Ал 2012 жылы Отан алдындағы борышымды өтеу үшін әскерге аттандым. Әскерден келген соң бұрынғы жұмыс орныма баруды қаламадым. Өзімді іздедім десем болады. Осы сәтте ата-анам «қолыңнан келетін істі қолға ал, кәсібіңді аш» деп ақылдарын айтты. 2013 жылы ата-

тұтынушыларға қызмет көрсетуге дайынбыз.

Сондай-ақ терезеден бөлек, жиһаз бен есікті де орнатамыз. Бұл идеяға түрткі болған біздің тұтынушылар еді. Үйдің іргетасы қаланып, сұлбасы ретке келгенде терезе орнатуға барамыз. Сол кезде көп үйдің иелері біздің

үйге терезе соғу үшін үш адам 10 күн жұмсайды. Ал жиһаз жұмысы біршама уақытты талап етеді. Тіпті 1-2 айға созылып кетуі ықтимал. Бағасына келетін болсақ, жұмыстың ауқымдылығы мен материалдың қанша көлемде жұмсалатынына байланысты өзгеріп отырады. Жыл енді басталса да, биыл бой көтеретін тұрғын үйлердің терезелерін орнатуға тапсырыс алдық.

Үйлерге терезе, есік, ал үлкен ғимараттарға ветражды фасад орнатамыз. Одан бөлек, біздің құрылғыларымыз Түркия елінің өндірісі. Олар өте жақсы жұмыс істейді. Ал материалдарымыз Германия елінен шыққан. Солайша тұтынушыларымыз біз ұсынған қызметті жоғары бағалайды.

– Ұжымыңызда қанша қызметкер бар? Бұл салада жұмыс істеу үшін арнайы білім қажет пе? Қандай қиыншылықтарға кезіктіңіз?

– Бүгінде 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отырмын. Сапалы жұмыс істеу үшін «қатал бастық» болу керек, сол себепті оларға қойылатын талап та жоғары. 2013-2024 жылдар аралығында 10 мыңнан астам терезе орнаттық.

Білімге қатысты айтатын болсам, иә. Әлі күнге дейін әріптестерімнен бөлек, өз де біліктілігімді арттырып отырамын. Жиһазды кейіннен қолға алғандықтан, ол туралы білетініміз әлі де аз деп ойлаймын. Бұл бағытты дамытуда білікті ұсталардың ақыл-кеңесін алып, білімді арттырамын. Қазақстанда өтетін көрмелерден қалыс қалмаймыз. Жаңа идея, жаңа әдіс-тәсілдерді игереміз. Бүгінде жиһаздың

көбін соңғы технологияларға сай етіп өндіреміз.

Менің кәсіпке келуімді ағам қатты қалаған еді. Ол өзі мемлекеттік қызметкер болып жұмыс істеді. Маған қажет деген қаражатымды беріп, сенім артты. Сол себепті отбасымың үмітін ақтау мен үшін маңызды болды. Келергілер аз кездесті дей алмаймын. Кейде тек «минусқа» жұмыс істедім. Жасыратыны жоқ, анда-санда тұтынушылармен де келіспейтін кездер болды. Бизнесті нәлден бастағандықтан, көптеген тәуекелге бел будық. Мұнда өзіңе сеніп, маңызды қадмдардан қашпау керек екеніне көзім жетті.

Ал қазір, шүкір, сол кездегі бейнеттің зейнетін көріп отырмыз. 2024 жыл біз үшін табысты болды. Көптеген марапатты иеленіп, облыс және қала әкімінің, Жастар орталығынан түрлі «Алғыс хат» алдық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Қорлан САРП



анам мен бауырларымың қаржылай қолдауы бизнесімді бастауға көп көмектесті. Мені құрал-жабдықпен қамтамасыз етіп, кәсібімді біздің етуге олар да атсалысты.

Алғашында, әрине, оңай болмады. Дегенмен тәжірибенің арқасында қолымнан келетініне нақты сенімді болдым. Жұмысым да жүре бастады. Сол кездері мезгілге қарай жұмыс істеуші едік, қазір кәсібім кең көлем алып, жылдың кез келген уақытында

жұмысымызға тәнті болып, жиһаз жасау туралы ой тастады. Әуелгі кезде оны жүзеге асыру мүмкін болмады. Қаражат қажет болды, оның үстіне індіт жолымызды жапты. Алайда кейіннен жүзеге асырдық.

– Бір үйге терезе орнату үшін қанша уақыт кетеді және қанша қаражат қажет? Қандай тапсырыстар жиі түседі?

– Тапсырыс көбіне пластик терезелерге түседі. Мәселен, бір



Қазақ даласы – өз бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр мен табиғаттың сұлулығын сақтап келген ерекше мекен. Оның келісі мен байлығы қаншалықты ұлы болса, сол жердің табиғатынан тарайтын жұпар иістер де соншалықты әсем. Осы табиғи сұлулықты сезініп, оны болашаққа жеткізу жолында бүгінгі кейіпкеріміз тың қадам жасап келеді.

ЖУСАННЫҢ ИІСІ БАР

ӘТІР ОЙЛАП ТАПҚАН 6-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Альбина Айдарханова – Ақмола облысының Ақкөл ауданына қарасты Кеңес ауылының 6-сынып оқушысы. Ол жетекшісі Жұпар Ахметовамен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ даласының хош иісі сақталған әтір ойлап тапқан.

Жас дарынның айтуынша, әтір жасау идеясы оған үшінші сыныпта келген. Ол өзіне қажет дүниені «You-Tube» желісінен үйренген. Ал мұндай бастамаға Сұлтан Бейбарыс туралы аңыздағы «Жусанда туған жердің иісі бар» деген қанатты сөз шабыттандырды дейді.

– Осы сөзді естігеннен кейін, туған жердің иісі бар әтірді жасап шығарғым келді. Бұл иісті шығаруда мен ежелгі шығу тегімді зерделедім. Өз жұмысымда табиғи ингредиенттерді пайдаландым. Парфюмерия жасаудағы негізгі өнім – туған өлкенің қасиетті жұпарына айналған қарапайым жусан. Бұл хош иіс «Елім-ай» деп аталады.

Оның қасиеттерін зерттеу үшін қолда бар материалдарды пайдаландық. Ал төзімділігін тексеру үшін әртүрлі маталарға сынап көрдік, – дейді өнертапқыш.

Былтыр ғылыми жобалар

байқауында өз жұмысын қорғап, «Химия, биология» секциясында жүлделі 3 орын иеленген.

– Біз үй жағдайында әтір жасау тәсілдерін зерттедік. Алған білімдерімізді практикада қолдану барысында жусанның сан түрін анықтадық. Егер әтірдің негізгі нотасы ретінде гүлдер қолданылса, біз оның орнына қарапайым жусанды таңдадық. Себебі оның тұнбасы тәбетті жақсартады, асқазан-ішек жолдарының қызметін нығайтады, жүйке жүйесін тыныштандырады, түрлі шаншу мен құрысуларды, ауырсынуды басалды,

тіпті тыныш ұйқыға септігін тигізеді.

Парфюмерия жасау оңай процесс емес. Олар қараңғы және салқын жерде тұндыру керек. Әрине, уақыт керек, – дейді жоба жетекшісі, бастаушы сынып мұғалімі Жұпар Ахметова.

Жоба жетекшісі мен оқушы қыз үш жыл бірге зерттеу жұмыстарын жүргізген. Олардың айтуынша, жусанның өзінен де, кейін байқауға қатысатын шақта құрамына басқа да шөптер мен эфир майларын қосып, жағымды иіске қол жеткізген.

Инжу МАРЖАН